



«ЕЛГЕ
ҚЫЗМЕТ ЕТУ
БІЛІМНЕН ЕМЕС,
МІНЕЗДЕН!»


3-бет



Серік ЕРҒАЛИ,
мәдениеттанушы, заңгер,
математик:

ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚ
ӘЛСІРЕСЕ,
ҰЛТ ҚҰРИДЫ

6-бет



ШАХМАТТАҒЫ
АГРЕССИВТІ
ҚОРҒАНЫС...

8-бет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЙҚОҢЫРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ДЕРЕГІ БАЗАДА ЖОҚ



Елімізде көппәтерлі тұрғын үйлерді тиімді басқарудың заңдық негізі жасалды. Бұл Сенаттың жалпы отырысында қабылданған «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның ең басты жаңалығы. Құжатта кондоминиум нысанын басқарудың жеке үлгісі – тікелей бірлесіп басқаруды қалыптастыру қарастырылған. Сондай-ақ, ауылда өз қызметкерлері үшін тұрғын үй салатын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау мәселесі енгізіледі. Бұл норма Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленді.

(Соңы 4-бетте)

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

ДӘСТҮРЛІ «WOMEN IN BUSINESS» ФОРУМЫ ӨТТІ

Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әйелдер басқаратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 43,5%-ды құрады. Әйелдер кәсіпкерлігі ШОБ секторындағы жұмыс орындарының 31% және Қазақстанның ЖІӨ-нің 14,6%-ды қамтамасыз етеді.



– Әйелдер кәсіпкерлігі – отандық бизнестің маңызды құрамдас бөлігі. Әдетте мұндай бизнесте тәртіп, жауапкершілік, ұжымға деген қамқорлық болады. Менің ең сенімді әріптестерімнің бірі – әйелдер. Қыз-келіншектердің кәсібі күн сайын кездесетін қиындықтарға қарамастан, өте қарқынды дамып келеді. Бүгінгі форум – өңірлік іскер әйелдердің үні, жаңа идеяларды қалыптастыруға арналған нетворкинг, – деді «Атамекен» ҰҚП Төралқа төрағасы Райымбек Баталов.

Halyk Bank басқарма төрайымы Үміт Шаяхметованың айтуынша, еліміздегі жетекші қаржы институты кәсіпкер әйелдерді қолдауға ерекше көңіл бөледі. 2018 жылдан бастап «бизнестегі әйелдер» бағдарламасын қаржыландырып келеді. Оның шеңберінде 530-ға жуық кәсіпкер әйел жалпы сомасы 5 млрд теңгеге жылдық 5%-бен несие алды.

«Жылдың басында біз тағы бір миллиард бөлетінімізді жарияладық. Осылайша, бұл бизнестегі әйелдерді қолдауға Halyk Bank-тен бөлінгені – 6 миллиард болады. Ұйым ұйыту, кәсіп жүргізу – әйелдің табиғатына тән қабілет. Бұл отбасы болсын, қоғамдық қызмет немесе кәсіп болсын, бәріне жауапкершілікпен қарауды білдіреді. Мысал ретінде, банк клиенттердің «қара тізімінде» әйелдер ерлерге қарағанда 1,2-ге аз екенін айтуға болады. Егер бизнесті жүргізудің осы әйелдік моделі тұтастай алғанда адамдардың қоғамға және бір-біріне жауапкершілікпен қарауына ауысса, әлем әлдеқайда жақсы болар еді», – дейді Үміт Шаяхметова.

«Атамекен» ҰҚП басқарушы директоры Салтанат Әбдікәрімованың сөзіне қарағанда, биылдан бастап Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары Қазақстанның барлық өңірінде «Бір ауыл – бір өнім» қосымша қызметімен жұмыс істейтін болады. Жалпы Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары қажеттіліктер негізінде қызметтердің 7 түрін ұсыну және әйелдердің сұранысына қарай оқыту мен тәлімгерлік тағайындау бағытында жұмыс істейді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының депутаты:

«ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ХАЛЫҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ БОЛУЫ КЕРЕК»

– Бибігүл Нұрғалиқызы, ел аманатына ие болып, Парламент төрінен орын алдыңыз. Құтты болсын! Сізді тәжірибелі журналист, білікті медиамеджер ретінде танитын жұрт жаңалыққа қуанып жатыр. Десе де, депутаттар арасында неге ақындар мен журналистер жүр, Парламентке кәсіби заңгерлер көп керек қой деушілер бар...

– Қоғам болған соң әртүрлі пікірдің болуы заңды. Өйткені, адамдардың ойлау деңгейі әрқалай. Оған әсер ететін фактор да көп. Депутаттыққа журналистердің біліктілігі, тәжірибесі жетпейді деуі мүмкін. Бірақ Парламент халық өкілдерінен құралады. Олардың әр сала маманы болуы – әлемдік тәжірибе. Парламент тек заңгерлер қызмет ететін Әділет министрлігі, Конституциялық Сот немесе Жоғарғы Сот емес. Сондықтан халық өкілдері ретінде журналистердің Парламент құрамына өтуі қалыпты жағдай. Мәселе халық аманатын арқа-лағандардың қай мамандық иесі болса да қоғамға пайдалы заңның жасалуына атсалысуында. Мен заңды жазбаймын, тек оның заңнамалық негізде шешілуіне үкімет назарын аудартамын. Заң елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттырып, адам өмірінің жақсаруына жол ашуы керек. Халық өкілдерінің басты миссиясы – халықтың ойынан шығатын, мемлекет мүддесін қорғайтын сапалы заңдардың өмірге келіп, орындалуына атсалысу.

– Десе де, журналист пен депутаттың қызметі екі бөлек әлем болар...

– Нағыз кәсіби, өз ісіне жауапкершілігі жоғары, әрдайым қоғамның қабырғасына батқан мәселелерді айтып жүретін журналистер бір мақала жазу үшін де көп еңбектенеді. Өзіміз кезінде бір тақырыпты бір айға жуық зерттеуші едік. Осы тұрғыдан келгенде журналистік қызмет депутат міндетіне жақын. Өйткені, әрбір заңға ұсыныс айту, өзгертулер мен толықтырулар енгізу оның өзге заңдармен әйкестігін, әртүрлі топтардың мүддесіне ықпал ету мүмкіндігін, әлеуметтік-экономикалық салдарын терең зерттеуді қажет етеді. Бұл әрине, білімнің сыртында, тәжірибемен келетін түйсіктің, зерденің де маңыздылығын көрсетеді. Журналистер мұндай қабілеттен кенде болмайды. Өйткені, біз қоғамдағы барлық өзекті мәселенің ортасында жүрміз.

(Соңы 5-бетте)

Кез келген қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қамтамасыз ету, оларды әлеуметтік қорғау – мемлекет көңіл бөліп отырған маңызды мәселелердің бірі. Ал біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қамтамасыз ету қалай жүзеге асып жатыр? Оларға қаншалықты қамқорлық көрсетіледі? Бұл сауалдарға жауапты мамандардан сұрап білдік.

Әділғазы СЕРІКХАН, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доцент м.а., PhD докторы, заңгер:

– Біздің қоғамда және ақпарат құралдарында мүмкіндігі шектеулі жандар туралы бір-жақты түсінік қалыптасқан. Қандай түсінік десеңіз, қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылғандар тобына жатқызады. Бұл дұрыс емес. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасында елімізге белгілі ғалымдар, кәсіпкерлер және басқа мамандықтарда да жетістікке жеткен жандар көп. Сол себепті де біз мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын айтар кезде ол кісілердің қоғамға бейімделуі үшін қоғамдық орындарға еркін барып қайтуды қамтамасыз ететін құқықтық нормаларды қабылдау маңызды. Қазақстан заңнамасында мүмкіндігі шектеулі жандар деп құқықтық тұрғыдан физикалық немесе психологиялық дамуында кемшіліктері бар азаматтардың арнайы құрал-жабдықтар немесе басқа да азаматтардың көмегін қажет ететін жеке тұлғаларды айтады. Қазіргі уақытта Қазақстан заңнамалық актілерінде мүмкіндігі шектеулі жандарға немесе мүгедектерге конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық нормаларға мұқият назар аударыла бастады десек болады. Нақтырақ айтар болсақ, мүмкіндігі шектеулі жандарды ең бірінші қоғамға бейімделу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету, білім алу, медициналық көмек алу кезінде көптеген құқықтық кепілдіктер қа-



растырылған. Жоғарыда аталғандардың бірін айтар болсақ, мүмкіндігі шектеулі жандарды лайықты еңбекпен қамтамасыз ету атқарушы биліктің негізгі міндеттерінің бірі. Мысалы, еңбек саласындағы заңнамаларға сәйкес жалпы қызметкерлердің 3 пайызын мүмкіндігі шектеулі жандар құрауы керек деген талап бар.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы 2005 жылғы 13 сәуірдегі заңның 16-бабына сәйкес мемлекет тарапынан сонымен бірге жұмыс берушілер және өзге де ұйымдар тарапынан әлеуметтік көмек көрсетіледі. Мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар мен төлемдер қарастырылса, қосымша жергілікті атқарушы органдар тарапынан арнайы құралдар мен жабдықтармен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, баспанасыз мүгедектерді кезекке қойып тұрғын үй беру мәселелері қарастырылады. Ал жұмыс берушілер тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы еңбек уақытымен және басқада жағдайлар жасау арқылы әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Мемлекет тарапынан мүгедектерге көрсетілетін айлық жәрдемақы 1997 жылғы 16 маусымдағы мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңының 12-бабына сәйкес: бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматқа 1,92 ең төменгі күнкөріс мөлшері; екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматқа 1,53 ең төменгі күнкөріс мөлшері; үшінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматқа 1,04 ең төменгі күнкөріс мөлшерінде жәрдемақы тағайындалады. 2023 жылғы ең төменгі күнкөріс мөлшері 40 567 теңге екенін ескерсек, әрине мүмкіндігі шектеулі жандардың бір айлық шығындарын жаппайды. Сондықтан қолданыстағы заң мемлекет тарапынан мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек аты айтып тұрғандай мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін көмек болып табылады. Сол үшін бізге әлеуметтік көмекті өмір сүру шығындары ретінде қарастыру дұрыс емес.

Жоғарыда айтылған мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік жағдайын жақсартудың ең тиімді жолы мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде еңбекке қабілеті бар мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен 100 пайыз жандарға қажет. Ал еңбек қабілеттілігі жоқ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға толыққанды өмір сүруге ай сайын жеткілікті әлеуметтік

төлемдер тағайындау арқылы шешуге болады.

Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтардың құқықтық тұрғыдан қорғалуы жылдан-жылға жақсарып келе жатыр деп айтуға негіз бар. Атап айтар болсақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2006 жылы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды қорғаудың халықаралық қағидаларын құқықтық тұрғыдан мойындап, оны орындауға міндеттеме алғанын білдіреді. Ал елімізде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, қамқорлық жасау ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңға сәйкес жүзеге асады. Аталған заңға сәйке мемлекеттің негізгі саясаты ең алдымен мүгедектіктің алдын алуға жағдай жасауды көздейді, мүгедектігі бар азаматтарды қоғамға бейімдеу арқылы олардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Мемлекет мүмкіндігі шектеулі азаматтарды заң жүзінде қорғау үшін медициналық оңалту мен білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы басқа азаматтармен бірдей қоғамдық қатынастарға түсуге заңнамалық жағдайлар жасау арқылы қорғайды.

Айзада ҚУАНЫШБЕКОВА, жеке кәсіпкер, І-топ мүгедегі:



– Өзім І-топ мүгедегімін. Осыдан алты жыл бұрын алған жақсартымның салдарынан, жүріп-тұру қабілетімнен айырылдым. Содан бері мемлекеттен І-топ мүгедегіне берілетін ай сайынғы жәрдемақыны алып отырымын. Бүгінде мемлекет тарапынан мүгедектігі бар жандарға түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Мысалы, І-топ мүгедектерінің күтушілеріне де ай сайын жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар мүгедек деп танылған

– Өзім І-топ мүгедегімін. Осыдан алты жыл бұрын алған жақсартымның салдарынан, жүріп-тұру қабілетімнен айырылдым. Содан бері мемлекеттен І-топ мүгедегіне берілетін ай сайынғы жәрдемақыны алып отырымын. Бүгінде мемлекет тарапынан мүгедектігі бар жандарға түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Мысалы, І-топ мүгедектерінің күтушілеріне де ай сайын жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар мүгедек деп танылған

жандар жеке оңалту бағдарламасынан өтеді. Соған сәйкес, яғни, диагнозына, дәрігерлердің жазып берген анықтамасына қарай мүгедек жанның қажетіне керек құрал-жабдықтар беріледі. Мысалы, көзі көрмейтін жандар тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етілетін болса, мен сияқты жандарға қоларба, арнайы жыл мезгіліне арналған аяқ киім дегендей беріледі. Аяқ киімді алу үшін портал арқылы тапсырыс беріп, күтесің. Міне, осындай көмектері бар. Одан бөлек мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру, жұмысқа орналастыру, жеке кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік жасау секілді жақсы жағдайлар жасалып жатыр. Мәселен, өз басым мемлекеттік бағдарлама аясында 400 АЕК қайтарымсыз грантына қатысып, оны ұтып алып, алғашқы кәсібімді, яғни, тігін цехын ашқан мүмкіндігі шектеулі жанмын. Кейін мұнымен тоқтап қалмай, 2-5 миллион теңге көлеміндегі инновациялық грантқа қатысып, «ВЕК» шұлық өнімін өндіру бойынша жобамды қорғап, 5 миллион қайтарымсыз грантын жеңіп алғанмын. Мұнымен не айтқым келіп отыр? Кез келген адам жұмыс істеймін, алға ұмтыламын десе мүмкіндік көп. Тек дені сау адамдар ғана айналыса алады, менің мүмкіндігім шектеулі деп ойламау керек. Негізі адамның мүмкіндігі шектеусіз. Біздің шектеу тек мида ғана. Сол стереотипті бұзып, кез келген дәрежеде, тең құқылы адам ретінде сезінуіне болады.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан, біз, тегін медициналық көмек ала аламыз. Баспана кезегіне тұрып, тегін баспанаға қол жеткізуімізге мүмкіндік бар. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет алуға, өтемақы және жұмыс берушілер мен басқа да ұйымдар тарапынан берілетін қосымша әлеуметтік көмектер алуға құқылымыз. Ең бастысы жұмысқа орналасқанда мүгедектігі бар адам дені сау адаммен тең құқылы. Мұның бәрі мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға жан-жақты қамқорлық әрі көмек көрсетудің септігімен мүмкін болуда деп ойлаймын. Не дегенмен мүмкіндігі шектеулі жандар мұндай өмірді сұрап алған жоқ. Бұл тағдырдың тәлкегі.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ЖЕГІҚҰРТ

Еліміздің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі сыбайлас жемқорлықты жеңуге бағытталуда. Өйткені, жемқорлық әрекеттері сол саланың берекесін қашырып, қаржының далаға шашылуына ықпал етеді. Сондықтан жемқорлықсыз қоғам құру бүгінгі күннің басты мақсаты болып отыр.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қол астындағы адамдардың іс-әрекеттері үшін бірінші басшылардың жеке жауапкершілігі туралы: «Сыбайлас жемқорлық қылмысы орын алған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігі заңнамалық және нормативтік түрде реттелуі керек» деген болатын. Яғни жемқорлық деректері үшін еліміздегі шенеуніктердің де жауапкершілігі барынша қатаңдатылуда. Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін Президентіміз мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және бизнеске әкімшілік қысымды төмендету міндетін қойды. Алайда, қоғамымызда жемқорлық фактілері әлі де кездесуде. Негізі еліміздегі әрбір азамат жемқорлық өзіне қатысы жоқтай көреді. Алайда, бұл процесс бүкіл қоғамға әсер етеді және әрқайсысымызға нақты қауіп төндіретінін ұмытпауымыз керек. Сыбайлас жемқорлықпен бетпе бет келгенде кез келген адам табанды қарсылығын көрсетсе жемқорлықтың жолын кесу жұмыстары жеңілдей түсер еді. Яғни, қоғамымыздың әрбір мүшесі жемқорлыққа қарсылығын білдірсе, оны ауыз-

дықтау да оңай болар еді. Өйткені жемқорлықпен күресте қоғамның қарсылығын арттыру маңызды.

Шыны керек жемқорлық бүгінде көптеген елдердің басты мәселесіне айналып отыр. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған жолдауында БҰҰ Бас хатшысы: «Сыбайлас жемқорлық елдің даму процесіне апатты әсерін тигізеді, өйткені мектептерге, ауруханаларға және басқа да өмірлік маңызды мемлекеттік құрылымдарға арналған қаражат тиісті жерлерге жіберілудің орнына қылмыскерлердің немесе арам шенеуніктердің қолына түседі» деген болатын. Яғни, әлемдік мәселеге айналып отырған жемқорлық деректері елдің дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Сондықтан жемқорлықпен күрес тоқтамауы тиіс. Осы орайда еліміздің жыл өткен сайын уақыт талабына сай жемқорлықпен күресті күшейтіп, шенеуніктердің жауапкершілігін көтеруге тырысуы құптарлық әрекет деуге болады.

Данияр СЕМБАЕВ, Әуезов аудандық сотының судьясы
Алматы қаласы

БІТІМ

СОТТАСУҒА ЕМЕС, ТАТУЛАСУҒА АСЫҚҚАН ЖӨН

Соңғы кездері еліміздің сот жүйесінде тараптарды татуластырып, бітімге келтіруге барынша басымдық берілуде. Өйткені, екі тарапты да разы етіп, істің барынша бейбіт жолмен шешілуінің маңызы зор. Осы орайда айта кетер жайт, Қазақстанның 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының «Ұлттық құқықты дамытудың негізгі бағыттары» атты екінші тарауында жеке-құқықтық жанжалдар кезінде тараптар арасындағы бітімге қол жеткізуді сот тәртібімен реттеуге аса мән берілген. Соның арқасында соңғы жылдары еліміздегі сот процестері кезінде бітіммен бітетін істер қатары біршама артқаны байқалуда. Заң шеңберінде дауларды шешудің баламалы тәсілдері ретінде медиативтік, партисипативтік және татуласу келісімдері қарастырылады. Татуласу рәсімдерінің барлығы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Нәтижесінде, соттасудан гөрі, татуласып, бітіммен шешілетін істер қатары арта түскен. Медиациялық істердің тынысын ашу үшін түрлі шаралар қолға алынууда.

Тараптардың татуласуы ең алдымен судьялардың жүктемесін азайтуға ықпал етсе, екіншіден дауды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу тараптардың уақытын үнемдеуге өзінің оң әсерін тигізуде. Өйткені Медиация процесінде жеңімпаз және жеңілген тарап деген бол-

шудің баламалы тәсілдері ретінде медиативтік, партисипативтік және татуласу келісімдері қарастырылады. Татуласу рәсімдерінің барлығы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Нәтижесінде, соттасудан гөрі, татуласып, бітіммен шешілетін істер қатары арта түскен. Медиациялық істердің тынысын ашу үшін түрлі шаралар қолға алынууда.

Тараптардың татуласуы ең алдымен судьялардың жүктемесін азайтуға ықпал етсе, екіншіден дауды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу тараптардың уақытын үнемдеуге өзінің оң әсерін тигізуде. Өйткені Медиация процесінде жеңімпаз және жеңілген тарап деген бол-

КИЕ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Тілге құрмет өзімізден бастау алуы керек. Себебі, «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры». Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың кемі бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиіс» – деген екен. Тілді өркендетуге үлес қосуға баршамыз атсалысуымыз қажет. Жылдан жылға қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейгенін көріп отырымыз. Қазақ тілінде бағдарламалардың, ән, телесериалдардың артып, шетел әдебиеттерінің қазақ тіліне көбірек аударылғанын да байқаймыз. ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», – деген болатын. Осыған орай, құқық жүйесінде мемлекеттік тілде нәтижелі болатындай жұмыс жасау қажет. Алайда, тәуелсіздік алғалы тек екі заң мемлекеттік тілде қабылданған. Сот жүйесіндегі қаралатын істердің тек отыз пайызы ғана мемлекеттік тілде. Құқық жүйесіндегі қазақ тілін жіктегенде: қолданыстағы заңдардың қазақша аударма мәтінінде кемшіліктің көптігі, біздің құқық терминологиясы қалыптасуы; заң жобаларының мемлекеттік емес жаппай орыс тілінде жасалуы, құқық жүйесіндегі тәжірибенің басым бөлігі орысша жүргізілуі үлкен мәселе тудырады. Әр тіл жанашыры, әр заңгер мемлекеттік тілдің шеңберін кеңейту үшін қолынан келгенше қызмет етсе, ол өзінің Отан алдында бір парызын атқаруға үлес қосты деуге болады.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл. Ана тіліміз арқылы біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің елін қалай сүюімен, өз мемлекеттік тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметімен пара-пар. Сондықтан, тілді өркендету – баршаның ісі демекпін.

Сұлушаш МАХАМБЕТОВА, Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



САЙЛАУ

«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН!»

1-округ бойынша Алматы қаласы Алатау ауданының мәслихатына депутаттықтан үміткер Альжанов Кажымухан Орынбекович дауыс беруге әбден лайық тұлға. Оны үміткердің өмірбаянына, еңбек жолына, сайлауда ұсынып отырған бағдарламасына қарап-ақ білуге болады.

Өмірінің өзі дастан

Білікті заңгер, Қазақстанның прокуратура саласында жемісті еңбек етіп, абыроймен зейнетке шыққан ардагер, Ауғанстандағы қарулы қақтығысқа қатысқан халықтың батыр перзентінің бірі Альжанов Кажымухан Орынбекұлы 1961 жылы 21 тамызда Қарақалпақстан Республикасының Тахтакөпір ауданындағы Карл Маркс совхозында туып-өскен. Ерлік пен өрлікті басты ұстанымына айналдырып, мектептегі жас өрендерге отансүйгіштіктің үлгісін көрсетіп жүрген Кажымухан Орынбекұлы азаматтық борышын өтеуге шақырту келгенде бұғып қалған жоқ. Әрі жас жігіттің бойындағы қайсарлықты байқаған әскери комиссариат Кажымухан Орынбекұлын бірден Ауғанстандағы қарулы қақтығысқа жіберген болатын. «Болат қайнауада шынығады, шын батыр майданда сыналады» демекші, Кажымухан Орынбекұлы да сын сағатта ерік-жігерін жаныды, қақтығыс алаңында тосылып қалма-

ды. Ол барлау ротасында сан рет қарулы қақтығыстың ортасында жүріп, ерлік көрсетті. Еңбегі бағаланбай қалмады. Жоғарғы кеңестің жарғысымен «Ерлігі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталды. Кейіннен жас жігіттің қайсарлығын мойындаған басшылық оны «Қызыл Ту» орденіне де ұсынған болатын.

Шеберлік еңбекпен келеді

Қадағалау органында толағай табыстарға жетіп, кәсіби тұрғыдан өскен Кажымухан Орынбекұлы зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ. Өзі қызмет еткен салаға, өзі тұратын ауданға қатысты өзекті мәселелердің оңтайлы шешілуіне үнемі мұрындық бола білді. 2012 жылдан 2023 жылға дейін Алматы облысы Талғар ауданында Ауған жеріндегі қарулы қақтығыс ардагерлерімен мүгедектерінің қоғамдық бірлестігіне төраға болып, ауқымды жұмыстардың бел ортасында жүрді. Кажы-



мухан Орынбекұлының адалдығын, еңбекқорлығын, жауапкершілігін, ізденгіштігін білетін ауған соғысының ардагерлері сайлау додасына әріптестерінің қатысып, үміткерлер арасынан топ жаруына тілектес болып, қозғау салған екен. Алаш арысы Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген екен. Бұл сайлауға қатысып жатқан үміткерлер арасында білімімен, қызметімен ел құрметіне бөленгендер аз емес. Ал Кажымухан Орынбекұлы білімі терең, жұмыста тындырымды жан ретінде ғана мойындатып қоймай, ұлтқа қатысты мәселені шешу-

де мінез де көрсете алатын мықты екенін жұртшылық білсе дейміз.

Сайлауалды тұғырнама

Кажымухан Орынбекұлы төмендегідей мәселелерді нақты шешу арқылы Алматы қаласы, Алатау ауданын көркейтуді мақсат етіп отыр.

Бірінші – келер ұрпақты әскери-патриоттық және интернационалистік бағытта тәрбиелеп, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру;

Екінші – әр елді мекеннің әр үйін газбен қамтамасыз ету;

Үшінші – Алатау ауданының мәселесін шешу;

Төртінші – мектептер және ауруханаларға заманауи жөндеу жұмысын жүргізу;

Бесінші – аудандағы автобустар мәселесін шешу және жолаушылар тасымалдайтын бағыттар санын көбейту;

Алтыншы – қазақ тілін өркендету;

Жетінші – жаңа жұмыс орындарын ашуды Алатау ауданы әкімшілігімен бірге шешу;

Сегізінші – қоқыс, жол тазалау мәселесін шешу;

Тоғызыншы – қаңғыбас иттердің мәселесін жергілікті билікпен бірге жолға қою;

Оныншы – кәріз құбыры мәселесін шешу және өңдеу;

Он бірінші – ауған жеріндегі қарулы қақтығыс ардагерлеріне баспана, жер алуға жеңілдіктер жасау;

Он екінші – ауған жеріндегі қарулы қақтығыс ардагерлеріне санаториялық, курорттық тегін ем беру.

Сонымен бірге, үміткер мемлекет пен жеке бизнес құрылымдары

бірігіп жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламалардың бизнеске субсидия беру аясын кеңейтуді қолға алмақ. Кажымухан Орынбекұлы бұған қоса бірталай өзекті мәселелерді дер кезінде реттеуді жоспарлап отыр.

Біздің балаларымыз үш ауысыммен оқымауы керек, аймақ тұрғындарын мектеппен қамтамасыз ету үшін жекеменшік мектептерге бөлінетін қаражаттың жан басына шаққандағы көлемін өсіру керек;

Жекеменшік ауруханалардың бюджетін көбейту маңызды. Мемлекет қаражат бөлсе жалақы болады, жалақы болса басқа аймақтардан дәрігерлер келеді. Сөйтіп, мамандар тапшылығы жойылады.

Қоғамдық көлікті субсидиялау квотасын көбейту. Квотаны көбейту автобус парктерін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Тұрғындар сирек жүретін, қауіпті, лас және лық толы автобустармен жүріп-тұру азабынан құтылады деген ұстанымды күн тәртібіне қойып отыр.

«Мен депутаттыққа үміткер ретінде сіздердің сенімдеріңізді ақтауға, өз өңіріміз бен елімізді дамытуға бар күш-жігерімді саламын», дейді сөзіне берік азамат.

«Ел болашағы туралы ортақ ой, ортақ жоспарымыз бар. Біз еліміздің дамуын тілейміз және оны жақсы көреміз! Барлық игі істерді шын жүрекпен жасауымыз керек. Бірге жұмыс жасай отырып, біз өмірімізді жақсартамыз!» деген Кажымухан Орынбекұлының сөзі сайлаушылардың үмітін оятып, сенімін нығайтары анық.




АЙМАҚ

ТҮРКІСТАН Өңірінің тынысын ашқан жоба

Өңірлік теңсіздік мәселесі бүкіл әлемді толғандырған өткір проблеманың бірі. Мұндай жайт біздің елімізге де тән құбылыс. Осындай мәселелерді ескерген Мемлекет басшысы өңір жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар берген. Осыған орай, Президент тапсырмасы бойынша елімізде өңірлер арасындағы айырмашылықты қысқарту мақсатында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жоба әзірленген болатын. Аталған жобаның басты мақсаты – республика тұрғындарының ең негізгі мәселелерін шешу еді.

2021 жылдың 12 қазанында ҚР Үкіметінің қаулысымен ел тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасын құруға негізделген «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бекітілген. Сол базалық көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізу және көлік байланысын қамтамасыз ету атты екі бағыттан тұратын жобаның алғашқы бағыты бойынша ел азаматтарын тұрғын үймен қамту, коммуналдық секторды, жалпы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары атқарылатын болып жоспарланған. Атап өтсек, бас жоспарда мыңнан астам көппәтерлі тұрғын үйді жөндеу үшін бюджеттік несие беру, 16 мың шақырым ауызсу, су бұру желілерін жүргізу және жөндеу, 46 су құбыры желісін, коммуналдық сектордың 7700 шақырым желісін, 785 шақырым ирригация желілерін қайта жөндеу жұмыстары қарастырылған. «Нәтижесінде, 2025 жылға қарай ел тұрғындары толықтай ауызсумен қамтылып, қала аумағын сарқынды судан тазарту мәселесі толыққанды шешіліп, инженерлік желілердің тозуы 12 пайызға дейін төмендейді. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы арқылы ауылдарда 12 мың шақырым инженерлік желі, 10 мың шақырым кентішілік жолдар мен 1,5 мың әлеуметтік нысандар салынып, жөнделеді. Елді мекендердегі жолдардың барлығының сапасы жақсы және қанағаттанарлық деңгейге жеткізіліп, 3,5 мыңнан астам ауылдың инфрақұрылымы жақсарады. «Жайлы тұрғын үй» бағыты шеңберінде белгілі санаттарға жататын 180 мыңнан астам адамның жалға алған тұрғын үйге кететін шығысын субсидиялау, жүз мыңнан астам әлеуметтік жалға берілетін және кредиттік, жұмыс істейтін жастар үшін 15 мың тұрғын үй салу, сонымен қатар, өз қызметкерлері үшін ауылдық жерден үй салған жұмыс берушілердің шығындарын жабу жұмыстары атқарылады. 103 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй пайдалануға беріліп, жеке құрылыс бастайтын тұрғындардың 235 мың жер телімі инфрақұрылыммен қамтылады», – делінген ұлттық жобаның төлқұжатында. Осыған орай



облыс тұрғындарын баспанамен қамту, коммуналдық шаруашылықты дамыту мақсатында қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны жайлы сөз қозғамақпыз.

Түркістан өңірінде аталмыш ұлттық жоба аясында көптеген жұмыстарды атқару көзделіп отыр. Соның ішінде, азаматтарды тұрғын үймен қамту, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау, ескі орамдарды реновациялау және апаттық тұрғын үйлерді бұзу бойынша жұмыстар жүргізу, сонымен қатар, тұрғын үйлерді ортақ жылумен, ауызсу және су есептегіш құралдарымен қамтамасыз ету жұмыстары да атқарылуда. Мұның барлығы «Жайлы тұрғын үй» бағытының шеңберінде жүзеге асып жатқан істер.

Ұлттық жоба іске қосылғаннан кейін Түркістан қаласының өзінде «Отбасы банкінің» бағдарламасы арқылы 883 пәтердің конкурсы өткізілген. Ал, «7-20-25» бағдарламасы аясында конкурс нәтижесі бойынша 474 отбасыға тұрғын үй сатылып алынды. Сонымен қатар, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау бойынша жергілікті бюджеттен қажетті қаражатты қарастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде облыс аумағында 351 дана жалпы үйлік жылу автоматты есептегіш құралдары, 14 дана су есептегіш құралдары, 17 857 жеке импульсті электр энергиясының тұтынған ресурстарын есептейтін құралдар орнатылған. Тағы бір айта өтетін жайт, көшелерді жарықтандыруды қосудың механикалық таймері

функциясымен жабдықталған 21 760 шам, 1493 дана күн сәулесінен қуат алатын жарық құрылғылары орнатылған.

Аталған бағдарлама аясында өткен жылы өңірдегі 841 елді мекеннің 717-сі ауызсумен қамтамасыз етілген екен. Тарқатып айтар болсақ, 2021 жылы ауызсумен қамту саласы бойынша облыс аумағында 58 нысанның құрылысына бюджеттен 12,7 млрд теңге бөлінген. Оның 11,4 млрд теңгесі Ұлттық қордан, 0,1 млрд теңге республикалық бюджеттен және 1,2 млрд теңгесі облыстық бюджеттен қаралған. Сол 58 нысанның 22-сі пайдалануға берілсе, қалған 36 нысанның құрылысы 2022 жылға өтпелі болды. Нәтижесінде, 20 елді мекен ауызсумен қамтамасыз етіліп, 8 елді мекеннің тозығы жеткен су құбырлары қайта жаңартылды. 2022 жылы 38 нысанның құрылысына ұлттық қордан 15,8 млрд теңге бөлініп отыр. Оның 30-ы 2022 жылы пайдалануға берілсе, қалған 8 нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі болады. Жыл соңына дейін 13 елді мекенді орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету, 14 елді мекеннің тозығы жеткен су құбырларын қайта жаңарту жоспарланып отыр.

Жалпы, қай елде болмасын, тұрғындар өмір сүретін ортаның жайлылығын қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Сондықтан да бірнеше жылға созылатын кешенді жобаның өз тиімділігін көрсетері айқын. Осындай жобаның арқасында халықтың жағдайы бір шама болса да көтерілетіні белгілі.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ҒЫЛЫМ

Қазақстан АҚШ-тың ұлттық ғылым қоры жариялайтын Әлем елдерінің ғылыми-зерттеу белсенділігі деңгейі рейтингі (Scientific and Technical Activity) бойынша 2019 жылы 197 елдің ішінде 61-орыннан көрінді.

АДАМ КАПИТАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРМЕН БАҒАЛАНАДЫ

Ол Science Citation Index жүйесіне енгізілген рецензияланған ғылыми журналдарда 2018 жылы жер және ғарыш туралы ғылымдар, математика, физика, химия, биология, медицина, психология, әлеуметтану, техника және технология, машина жасау, ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша жарияланған мақалалар санымен бағаланған болатын. Қытай (528 263 мақала), АҚШ (422 808 мақала), Үндістан (135788 мақала) бастаған бұл рейтингте көршілес Ресей – 10, Иран – 15, Әзірбайжан – 83, Өзбекстан – 99, Қырғызстан – 126, Тәжікстан – 140, Түрікменстан – 188-орында тұр.

Рейтингті құрастырушылар ғылыми-зерттеу қызметі деңгейінің көрсеткіші мемлекеттің ғылыми-техникалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі дегенмен, ол елдің әлеуетін толық көрсете алмайды. Өйткені, көшбасшы мемлекеттердің тізіміне көз жүгірткен кезде, ондағы халықтың саны мен жарық көрген мақаланың жан басына шаққандағы үлесін де естен шығармаған жөн сияқты. Мәселен, Дүниежүзілік банктің 2020 жылдың қыркүйегінде жарияланған Адам капиталы индексіне 174 мемлекеттің ішінде Сингапур, Гонконг, Жапония алғашқы үштікте тұр. Ал Әлем елдерінің ғылыми-зерттеу белсенділігі деңгейі рейтингінде үздік атанған Қытай – 45, АҚШ – 35, Үндістан – 116 орынға жайғасқан. Ал көршілес Ресей – 41, Қазақстан – 55, Өзбекстан – 57, Қырғызстан – 72, Иран – 75, Әзірбайжан – 83, Тәжікстан – 111 сатыда орын тапқан.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



БАЙҚОҢЫРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ДЕРЕГІ БАЗАДА ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сенаторлар заңдағы жаңашылдықтарды тұжырымдамалық тұрғыдан қолдай отырып, оның жекелеген ережелеріне бірқатар толықтырулар енгізуді ұсынды. Жиында сөз алған палата спикері Мәулен Әшімбаев негізгі өзгерістерге тоқталып өтті. Олардың ішінде көлік қоятын орындардан бастап қойма иелерінің мүдделерін қорғайтын, оларды қолданудың шарттарын айқындайтын нормалар бар. Бюджет қаражаты есебінен көппәтерлі үйде лифтіні ауыстыруды немесе жөндеуді қаржыландыру ережелері бекітілді. Осы саладағы уәкілетті органның құзыреттері және көппәтерлі тұрғын үйді салушының міндеттері нақтыланды. Сондай-ақ, жиналыстың, үй кеңесінің және ревизиялық комиссияның мүшелеріне қатысты талаптар белгіленді. Заң Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді.

Жиында сенаторлар «Әскери полиция органдары туралы» және «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне әскери полиция органдары және қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға өздері енгізген бірқатар түзетулерді талқылап, мақұлдады. Бұл заңдар әскери полицияның мәртебесі мен қызметін айқындау мақсатында әзірленген болатын.

Мәулен Әшімбаев аталмыш құжаттардың маңыздылығын «Осы заңдар арқылы әскери полиция органдарының құзыреті мен өкілеттіктері белгіленеді. Әскери қызметшілердің құқықтық жағдайы, оларды қаржылық және материалдық қамтамасыз ету мәселелері де реттеледі. Алдағы уақытта бұл заңдар қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға, әскери қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді деп сенеміз», – деп атап көрсетті.

Бұдан басқа, сенаторлар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексін қолданысқа енгізу туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Талқылау кезінде айтылған пікірлерден түйгеніміз Салық кодексіне енгізілген түзетулер қазақстандықтардың өзекті қаржылық мәселелерін шешетін болады.

Палата отырысында еліміздегі өзекті мәселелерді көтерген бірқатар депутаттық сауалдар жасалды. Солардың бірінде сенатор Закиржан Кузиев Үкіметтің назарын тұқым шаруашылығына қатысты проблемаларға аударды. Оның айтуынша, сұрыптау саясатындағы мемлекеттік реттеу тетіктерінің жойылуы агроөнеркәсіптік кешендерге кері

әсерін тигізіп отыр. Осыған орай депутат селекциялық жетістіктер мен тұқым шаруашылығын реттеуге және қорғауға қатысты заңнамаға өзгерістер қажет деді. Оның әріптесі Ернұр Әйткенов мандандырылған кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының әлсіз болуына байланысты өңірлерде сумен жабдықтау мен су бұру бағыттары бойынша жүйелі проблемалар туындағанын атап өтті. Осыған байланысты республикалық деңгейде желілер мен жергілікті су құбырларына қызмет көрсететін бірыңғай оператор құру қажет деген ойын жеткізді, Ал, Ақмарал Әлназарова Байқоңыр қаласындағы ахуалға алаңдаушылық білдірді. Онда мыңдаған қазақстандық зейнеткер еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық базаларында өздері туралы деректердің болмауына байланысты МӘМС аясында тегін медициналық көмекті ала алмай отыр екен. Сол секілді сенатор Евгений Болгерт gosagro.kz ақпараттық жүйесіндегі техникалық ақауларға қатысты мәселеге назар аударып, осыған байланысты қазір шаруалар субсидия алуға өтініш бере алмай отырғанын жеткізді. Депутаттың айтуынша, qoldau.kz платформасына қайта оралу арқылы бұл проблеманы уақытша болса да шешуге мүмкіндік бар.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОТАНШЫЛДЫҚ ТАРИХТЫ ТАНУДАН БАСТАЛАДЫ



Уақыт ағымында замана талабымен халықтың кейбір рухани құндылықтары сөзсіз өзгерістерге ұшырайды. Сарапшылар мұны әлеуметтік трансформация деп атайды. Сонымен бірге сағасырлар бойы сақталып келгендері де бар. Ондай құндылықтар қазақ халқында аз емес. Жалпы, философияда рухани құндылық – белгілі бір заттар мен құбылыстардың тұлғалық, әлеуметтік-мәдени маңызының көрсеткіші.

Қоғамда қалыптасқан нормалар оның құндылықтар жүйесінің ең жоғары көрінісі. Олар қоғамда маңызды рөл атқарады, өйткені, ол нормалардың мазмұнына әсер етеді. Ал нормалар белгілі бір жағдайда адамдар үшін мінез-құлық ережелері немесе нұсқаулары болады.

Қазақ халқы үшін бостандық ерекше құндылық болғанын байқаймыз. Бұған көшпенді өмір салтын мысал етуге болады. Қазақ киіз үйлерін жинап алып, басқа ауылға немесе шексіз далаға аттанатын. Бұл орайда халқымызға ешнәрсе тосқауыл бола алмайтын. Табиғатпен астасып, ең даланы еркін жайлап өмір сүру қазақтың нағыз болмысы еді. Сол секілді бір-біріне қамқор болу, көмек қажет болса аянып қалмау да қазақтың ең басты құндылығы десе де болады. Біреуге көмек керек болса, бүкіл ауыл жиналып, қолғабыс жасады. Асарлатып үй салу, жұттан кейін жаңа мал басын көбейту осының бәрі қазаққа тән және халқымызды небір қиын кезеңде қаймағын бұзбай алып шыққан ерекше ғұрып болды.

Халқымыздың ең асыл құндылығының бірі қонақ-жайлылық туралы да ерекше айту ләзім. Алтаудан Атырауға дейінгі алапты ең жайлаған қазақ қонақ үйді қажет етпеді. Халқымыздың табиғатына тән қонақ-

жайлылығының арқасында сапарға шыққан қауымның ішер асы, қонар жері әр үйдің қазанынан, төрінен табылатын еді. Бұл да қазақтың бірлігін нығайтқан, берекесін арттырған ерекше үрдіс еді. Қонағы тиылмайтын, дастарқаны жиылмайтын қазақ өз несібесін қонағының разылығынан көретін.

Ұрпақ сабақтастығын сақтау халқымыздың ең ұлы миссиясы болды. Қазақ мұны үлкенге құрмет, кішіге ізет арқылы сақтады, өрістетті. Қазақ халқында үлкенді құрметтеу бірінші орында тұрған. Қашанда аға буын қандай бір оқиғалар кезінде, шешім қабылдар сәтте көнекөз қарттардан ақыл-кеңес сұрайтын. Өйткені, оларда білім қоры мол, олардан құнды нәрсе үйренетініне сенді. Өз

ұрпағына дана, бірегей тұлғаларды үлгі етті. Қазақтар арасында рухани құндылықтар жүйесінде отбасы мен туыстық қатынастар да маңызды орынға ие болған. Бұл құндылықтардың барлығы бүгінгі күнге дейін сақталған, заманауи шындыққа бейімделген.

Қазіргі Қазақстан – бірегей тарихы мен мәдениеті бар көпұлтты мемлекет. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты саяси жүйеге, әлеуметтік тұрақтылыққа және этносаралық, конфессияаралық қатынастардың үйлесімді жағдайына ие болып отыр. Қазақстанды одан әрі дамытудың маңызды шарттарының бірі саяси тұрақтылық болып табылады, ол бірқатар факторлармен, соның ішінде этикалық қатынастардың орнығуымен қамтамасыз етіледі.

Жалпы, сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстан шығыс пен батыс құндылықтарын үйлесімді үйлестіре алды, өйткені бұған еліміздің еуразиялық ұстанымы мүмкіндік береді. Десе де, қазіргі өмір салты белгілі құндылықтардың өмір салтына айналуын талап етеді. Өйткені, бүгінде кейбір замандастарымыздың пиғыл-ниетіне қарап отырып, билік, байлық, туыстық қарым-қатынастың алға шығып кеткенін аңғаруға болады. Тек осы құндылықтарға ғана мән берілсе, бұл елдің ресурстарына деген тұтынушылық көзқарасқа, жұмыс істеуге және кәсіби дағдыларын дамытуға құлықсыздыққа, қоғамдағы бытыраңқылық пен әділетсіздікке әкеледі. Сондықтан осы өзіншілдік құндылықтарға қарсы Қазақстан қоғамында қазір еңбекқорлық, жақсы білім, бейтараптық пен әдептілік сынды жасампаз құндылықтар болуы керек. Олар отбасы мен туған жерге деген сүйіспеншілік, достық, денсаулық және өзін-өзі дамыту сияқты құндылықтармен үйлесімге ие болса құба-құп.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазақстан – тарихы және мәдениеті бай ел. Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің ең ежелгі өркениеттерінің яғни, Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің, Еуропа мен Азияның көлік артерияларын, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және идеологиялық байланыстарын тоғыстырып тұр. Еуразия континентінің ірі мемлекеттік құрылымдары арасында, тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қазақ халқы мұрагер болған Қазақстан аумағында төл мәдени тарихы бар бірнеше мемлекет пайда болып, дамыды.

ҚАЗАҚ ЖЕРІ - ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫ

Бірінші мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында Орталық Азияның далалық аумағында көшпелі скиф-сақ мәдениеті өркендеді. Оның мәдени ескерткіштері күні бүгінге дейін сақталған. Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы қорғандардан табылған қола мен алтынның «аң стилінде» жасалған тұрмыстық бұйымдары мен әшекейлері ерекше. Мәселен, Алматы жеріндегі Есік елді мекенінен табылған сақ жауынгерінің бейіті өзінің тұтастығымен, сұлулығымен және бірегейлігімен таңқалдырып келеді.

Одан кейінгі ғасырларда қазіргі Қазақстан даласында құдіретті Ғұн мемлекеті құрылып, сол дәуірдегі әлемнің геосаяси картасына орасан зор ықпал етті. Аттила бастаған ғұн жауынгерлерінің соққысынан Ұлы Рим империясы құлады. Ғұндар өздері жаулап алған Еуропа елдеріне мәдени жетістіктерді әкелді. Бұл адамзаттың заманауи бейнесін қалыптастыруға зор үлес қосты.

Кейін ғұндардың ізін түркі тілдес тайпалар басып, олар Шығыста Сары теңізден Батыста Қара теңізге дейін созылып жатқан бірнеше ірі мемлекеттік құрылымдар – қағанаттар құрды. Бұл мемлекеттер сол кездегі озық мәдениетімен ерекшеленді және көшпелі шаруашылық түріне негізделіп қана қоймай, сонымен қатар, бай сауда, қолөнер дәстүрі бар өзіндік қала мәдениетін қалыптастырды.

Орталық Азия оазистерінде (Оңтүстік Қазақстан аумағында) қалалар мен керуен сарайлар пайда болды, олар арқылы Византия мен Қытайды байланыстыратын Ұлы Жібек жолы деп аталатын әйгілі керуен сауда жолы өтті.

Арал өңірі мен Оңтүстік Оралға аппаратын Сырдария жағасындағы керуен жолы, сондай-ақ, Орталық Қазақстан мен Алтай арқылы Сібірдің оңтүстік-батыс аймақтарына «бұлғын жол» деп аталатын жолдың маңызы зор болды. Ол арқылы бүкіл Таяу Шығыс пен Еуропаға қымбат аң терілері жеткізілді. Бұл жолдар бойында ірі қалалар мен сауда орталықтары пайда болды, олардың ең атақтылары Отырар (Фараб), Тараз, Құлан, Яссы (Түркістан), Сауран, Баласағұн және т.б.

Ұлы Жібек Жолы сауданың дамуына түрткі болып қана қоймай, ғылым мен мәдениет саласындағы озық идеялардың трансформаторы-

на айналды. Бұл дәуірге философия, астрономия, музыка теориясы мен математика саласындағы терең зерттеулері үшін Шығыста Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деген лақап ат берілген, Фараб ауданында дүниеге келген философ әл-Фарабидің қызметі кіреді. Сонымен қатар, мұнда XI ғасырдағы көрнекті түркі филологы Махмұд Қашқари өмір сүріп, үш томдық «Түркі диалектілерінің сөздігін» жазып, онда түркі халықтарының фольклоры мен әдеби тәжірибесін жинақтады. Қазіргі қоғамдық-саяси және этикалық ойдың бастауында тұрған атақты ақын-философ Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғұ билигі» («Құтты білім») атты тарихи дүниесі де осында жарыққа шықты. Бұл кезеңде бүкіл мұсылман әлеміне әйгілі сопы ақын Қожа Ахмет Йасауи де өмір сүрді.

Бұл дәуірде аймақта қызу әрі жан-жақты діни ізденістердің жүргенін ерекше атап етуге болады. Мұнда көптеген ғасырлар бойы діни конфессиялардың түрлі палитрасы бейбіт қатар өмір сүрді. Бұл өздерінің уағыздарын түріктердің дәстүрлі өкілдігімен – тәңіршілдікпен үйлестірген будда монастырлары, зороастрийлік қауымдар және несториандық нанымның христиандық қозғалысы, мұсылман мешіттері мен сопылық ордендер. Мұның бәрі кейіннен қазақ халқының дүниетанымына синкреттік түрде әсер етті.

Сол заманның көрнекті мұрасы – қаланың әсем сәулеті. Сәулет ескерткіштері – Арыстан баб, ұлы сопы Қожа Ахмет Ясауи және Айша бибі кесенелері бүгінгі күнге дейін сақталған. Өлкенің ең көне көшпенділері өздерінің тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына мінсіз киіз үйді ойлап тапқан. 1221 жылы Шыңғыс ханның басшылығымен монғол тайпалары Орта Азияны жаулап алды. Монғол шапқыншылығы қазақ халқының тарихына айтарлықтай әсер етті. Шыңғыс ханның қазақ көшпелілеріне қарсы жүргізген шараларының ішінде рулық жіктелуді аумақтық басқарумен алмастыру және көшпелілерді билеуші тап ретінде Шыңғыс ханның өзінің және оның мұрагерлері билігіне біріктіру әрекеттері болды. Бүгінгі Қазақстанның басым бөлігі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының мұрагерлеріне жататын ұлыс Алтын Орданың құрамына енді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ИМПОРТТЫҚ ТҰЗ АЗАЙДЫ

Қазақстан әлемде тұз өндірушілердің және оны экспорттаушы көшбасшы елдердің қатарында болмағанымен, нарықтағы үлесін жыл сайын ұлғайтып келе жатыр. Өйткені, қазір әлемдегі тұздың 60,7% Еуразия құрлығынан өндіріледі. Оның ішінде Еуропаның үлесі 40,6 пайызды, Азияның үлесі 20,1 пайызды құрайды. Ал тұз өнімін тұтынуда Азияның үлесі 42 пайыз, Еуропаның үлесі 25 пайыз болып отыр. Егер әлемдегі 200-ге жуық елдің тек 110-ында ғана тұз өндірілетінін ескерсек, оның әлемдік сауда-саттықтағы рөлін аңғару қиын емес. Мәселен, тұздың 60 пайызы химия өнеркәсібінде, 30 пайызы тамақ өнеркәсібінде тұтынылады. Осы арада тұздың адам азық ретінде қайта өңдеусіз «табиғи» түрде пайдаланылатын жалғыз минерал екенін атап кеткен артық болмас. Ол өзінің пайда болу түрлеріне қарай: тасты, вакуумдық-буланған және тұнбалы тұздар деп бөлінгенімен, «техникалық» тұз бен тамаққа қолданылатын тұз арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Тек тартылу түріне және химиялық тазалығына қарай экстра, жоғарғы сұрып, бірінші және екінші сұрып деп ажыратылады. Сондай-ақ, адам ағзасындағы йод тапшылығын жою мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысымен олар кейде белгілі бір деңгейде йодпен байытылады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2022 жылғы қаңтар-қарашада Қазақстанда өндірілген йодталған тұздың көлемі 288,1 мың тоннаны құрады. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55,9%-ға көп. Оның 68,9 мың тоннасы ішкі нарықта сатылып, йодталған тұз экспорты 81,4%-ға өскен. Яғни, 2021 жылмен салыстырғанда йодталған экспорттық тұз 136,7 тоннадан 248 мың тоннаға дейін ұлғайып отыр. Ал импорт 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,7 пайызға азайып, 28,8 мың тонна болды. Соның нәтижесінде өзге елден әкелінетін өнімнің үлес салмағы – 9,1 пайызды құрады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халық бүгінде жанына батқан мәселесін шешу үшін көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарын іздейді. Біздің жанана атауымыздың өзі төртінші билік. Сондықтан Парламент құрамында журналистердің болғанынан қоғам ұтпаса, ұтылмайды. Қазір заңдардың сапасына айтылар сын көп. Сонымен қатар, оларды халыққа түсіндіру бағытында көп жұмыс істеуіміз керек.

— Олай болса, жұмыс қауырт болар. Оның үстіне Мәжіліс тарағандықтан, заң жобаларын тек Сенат қарап жатыр. Сондықтан жаңа қызметке бой үйретіп үлгермей жатып, заң шығару ісіне бел шеше кіріскен боларсыздар...

— Иә, қазір Сенат қарауында жатқан заңдар көп. Олардың арасында тез қарап қабылдауды қажет ететін Әлеуметтік кодекс бар. Қашанда халықтың тарапынан түсінбестік тудыратын, билікке наразылығына себеп болып жататын көбіне-көп әлеуметтік жағдай ғой. Сондықтан аталмыш құжат аясында елдің көкейіндегі мәселелерді толыққанды қамтып, тиімді жолын ұсыну қоғамдағы түйткілдердің шешілуіне жол ашады. Десе де, бұған алдымен әлеуметтің өзі мүдделі болса құба-құп. Өйткені, шынайы жағдайдың нақты көрінісін жұртшылықтың пікірі мен ұсынысы арқылы айқындаймыз. Өкінішке қарай, халықтың белсенділігі төмен. Бұған белгілі деңгейде құзырлы орындардың халықпен жұмыс істеуіндегі кемшіліктер де себеп болып отыр. Мәселен, Әлеуметтік кодекс былтыр 19 тамызда үкіметтің сайтына ілінген болатын. Алайда, сол уақыттан бері осы құжатты бар болғаны 400 адам көрген. Қазіргі таңда бұл заңнама жөнінде сала министрі Тамара Дүйсенованың БАҚ-та айтқан екі ауыз сөзінен өзге ақпарат жоқ. Ертең бұл Әлеуметтік кодекс әлеуметтік төл құжатымыз болады. Онда тағдырымызды айқындайтын жүзге жуық заңнама қамтылады. Сондықтан құжат Сенатта қаралып жатқан уақытта жұртшылық пікір айтса, заңнаманың барынша өмірге жақын болып шығуына ықпал етер еді. Мен негізінен Сенаттың халықаралық қауіпсіздік комитетінің мүшесімін. Бірақ соған қарамастан осы құжаттың ел тағдыры үшін маңызын ескеріп, оған қатысты талқылауларға қатысып, мүмкіндігінше ұсыныстар қосудамын.

— Әлеуметтік кодекс жобасының жаңалығы аз емес. Соларға тоқталып өтсеңіз...

— Иә, жаңалық өте көп. Соның бірі ауылдағы жұмыссыздыққа қатысты. Шыны керек, бұған дейін Алматы мен Астананы жағалап, не тұратын үйі, не жұмысы жоқ, кездейсоқ табыспен күнін көрген ауылдықтардың құқы қорғалмай келді. Әлеуметтік кодекс жобасында осы жағдайға қатысты тиімді тетік қамтылып отыр. Қазір әр өңірде жылжымалы еңбекпен қамту орталықтары жұмыс істейді. Олар ауылдарды аралап, жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар тізімін жасап, базаға енгізуде. Бүгінге дейін 450 мың жұмыссыз бар деп айтылып келді. Мұны нақты көрсеткіш деп айту қиын. Өйткені, еш жерде тіркелмей, өзін өзі жұмыспен қамтып жүргендер аз емес. Жаңа цифрландыру жүйесі солардың түгелдей есепке алынып, нақты жұмыспен қамтылуына жол ашады. Әр адамға смс хабарлама арқылы тіркелу жолы, ұсынылатын жұмыс бойынша ақпарат жіберіледі. Электронды үкімет порталына кіріп қана азаматтар өздеріне қатысты мағлұматтарды біліп, нақты көмек алатын болады. Өзіме ең қатты ұнағаны әлеуметтік қызметкерлерге қатысты қабылданған шешім. Бізде жасыратыны жоқ, әртүрлі мүгедектігі бар жандарға көрсетілетін көмек қызметі заңдық тұрғыда реттелмеген. Мұның зардабын өз басым анан алты жыл төсек тартып жатып қалғанда көрдім. Өзіміз күтуші жалдауға мәжбүр болдық. Арнайы дайындығы болмаған дауытқан әрі заң негізінде мойнына жауапкершілік алмайтындықтан олар науқас жандарға дұрыс қарамайтын.

Күтушілердің тәжірибесіздігінен анам қатты қиналды. Заң жобасындағы үлкен бір жаңалық осы әлеуметтік қызметкерлерге қатысты. Олар енді арнайы дайындықтан өтіп, өз бетімен жүре алмайтын дімкәс, мүгедек жандарды күтудің әдіс-тәсілін үйренеді. Олардың еңбек өтілі жүріп, зейнетақы үшін әлеуметтік төлем бекітіледі. Көп балалы аналарға қатысты төлемдер көлемі де артпақ. Бұрын бала күтімі үшін жәрдемақы бір жасқа дейін берілсе, енді аналар оны сәбиі бір жарым жасқа жеткенше алады. Арнайы әр адамның әлеуметтік картасы жасалып, кімнің қандай деңгейде көмекке мұқтаж екені анықталмақ. Осы секілді халық үшін тиімді жаңалықтар көп.

— Әлеуметтік жағдайға қатысты халықтың көкейінде жүрген сұрақ өте көп. Оның басым бөлігі заңдық тетік болмаған соң шешілмей жатады. Өз тарапыңыздан бұл құжатқа қандай да бір ұсыныс қоса алдыңыз ба?

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ, Парламент Сенатының депутаты:

«ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ХАЛЫҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ БОЛУЫ КЕРЕК»

— Расында құқықтық тұрғыда шешімін күтіп жүрген мәселе баршылық. Соның бірі ХХІ ғасырдың эпидемиясына айналып отырған аутизм дертімен туатындарды моральдық-материалдық қолдауға қатысты. Мұндай науқастар қатары жылдан жылға артууда. Қазақстанда олардың саны үш-төрт жыл бұрын 3000 болса, қазір 6000-ға жетіпті. Осы дерт салдарынан аутистердің мүмкіндігі шектеулі. Ең қиыны, бұл ешқашан айықпайтын сырқат. Оларды күту, әлеуметтендіру аналарға үлкен ауыртыпалық түсіреді. Алайда, бүгінде бір қауым елге айналып отырған осы жандардың мәселесі назардан тыс қалып отыр. Әлеуметтік кодексте аутизмге қатысты жеке ешқандай талап, ереже жоқ. Ал мұндай балаларды тәрбиелеп отырған аналардың ертерек зейнетке шығуына жол ашу керек. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі, бірақ менталдық ауытқуы жоқ бала тәрбиелеп отырған аналар күтуші жалдап, тіпті кейбірі азаннан кешке дейін баласын теледидар алдына, арбаға отырғызып қоя алатын шығар. Ал, аутизмге ұшыраған баланы қараусыз қалдыру қауіпті. Оның жанында үнемі адам жүруі керек. Сондықтан мұндай балалардың аналары зейнетке ерте шығу секілді жеңілдіктер алуы қажет. Сол секілді оларды оқытатын инклюзивті мектеп мұғалімдері үшін де осындай қолдау қажет. Өйткені, аутизмге шалдыққан баламен жұмыс істеу педагогтарға да өте қиын. Бір бала болса да оған сабақ түсіндіру эмоционалды тұрғыда ауыр болады. Сондықтан оған жұмсалатын мұғалімнің энергиясы өтелу керек. Жалпы, аутизмге шалдыққан балаларға дұрыс қолдау көрсетілсе, олардың жетістікке жету мүмкіндігі зор екенін ғалымдар дәлелдеген. Тағы бір айта кетер жайт, инклюзивті мектептер камералармен жабдықталып, білікті психологтармен қамтамасыз етілуі керек. Өйткені, әртүрлі қысым, әлімжеттілікке ұшырағанда аутизмге ұшыраған балалардың өзін қорғауға мүмкіндігі жоқ. Жуырда бір таксиспен

тілдесіп, аутизм дертімен туған балаларға, әсіресе, ауылда қиын екеніне көз жеткіздім. Өйткені, онда мұндай балаларға қажет массаж, оңалту орталығы, дамыту ұйымы жоқ. Өлгі таксистің осындай дертпен туған бір баласы бар екен. Ауылда оған қажет қызмет болмағандықтан қалаға көшіп келіп, пәтер жалдап тұратынын айтты. Келіншегі бір баламен үйде отырса, өзі ауру баласын біресе массажаға, біресе бассейнге, дамыту орталықтарына апарды. Ақша жетпеген соң бос уақытында түнделетіп адам тасиды. Бұдан шығатын түйін ел көлемінде аутизммен туған балалар толық есепке алынып, бәріне тұрғылықты жері бойынша мемлекет тарапынан көмек жасалуы керек. Бұл үшін әрине, тиісті заңнамада арнайы құқықтық талап белгіленуі қажет.

Тағы бір өзекті мәселе бүгінде Яндекс, Индрайвер секілді онлайн тапсырыс алып, жолдаушы таситын көліктерге қатысты туындап отыр. Тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін осы қызмет түрі бақылаудан тыс қалған. Операторлары қадағалап отырғанын айтады. Алайда, олар кірістің көлеміне мүдделі болғандықтан, мұны талапқа сай жүзеге асырып жатыр деуге сену қиын. Ал, бұл қауіпсіздік мәселесі. Адамның мүмкіндігі шексіз емес. Демалыссыз жағдайда кез келген тірі жан иесі шаршап, өзінің күшін жоғалтады. Жол-көлік оқиғаларына жүргізушінің осындай жай-күйі себеп болып жататынына мысал көп. Қазір ата-аналар такси қызметін балалары үшін көп пайдаланады. Табыс табамын деп тынымсыз жұмыс істейтін такси жүргізушілеріне баланы тапсыру қандай тәуекел екенін ойлаудың өзі қорқынышты. Сондықтан бұл мәселеге де немқұрайлы қарамай, олардың жұмыс кестесін сақтауын, сақтандыру шараларын Әлеуметтік кодексте қамту керек. Бір сөзбен айтқанда, кодекс әлеуметтік мәселені толық қамтитын халықтың ТӨЛҚҰЖАТЫ болуы керек.

— Сайлаушылардан хат көп келетін болар? Олардың ара-

сында депутаттық сауалдарға сұранып тұрған мәселе бар ма?

— Иә, хаттар өте көп келуде. Көбісі ақша сұрап жазады. Біздің замандастар билік адамдарында ақша көп, олар тек соны таратып отырады деп ойлайтын сияқты. Бұл қоғамның білімін, мәдениетін арттыру қажеттігін көрсетеді. Арасында қаржы пирамидасына кіріп, қарызға батып кеткендер аз емес. Жалпы қарыз алатындар не қаржылық сауаты төмендер, не қатты қиналғандар. Адамдардың осы осалдығын, қиын жағдайын пайдаланып табыс табу белең алып тұр. Жоғалған құжаттардың атынан несие беріледі. Осыған қарап, қаржы ұйымдарының жауапкершілігін көтеру, шағын несие ұйымдары секілді құрылымдарға талапты күшейту, қарыз беру шартын қатаңдату қажет деген ойға келесің. Ауадан ақша жасап оты-

тартылуы керек. Алты ай қыс болып, қар көп жауады. Соның бәрін тиімді пайдаланып, лас қала санатындағы Астананың экологиясын қалыпқа келтіруге болады. Израильде пайдаланылған судың өзі қажетке жаратылады. Кептеліс те ауаны бүлдіріп жатыр. Адамдардың өзі тұратын аумағында жұмыс орнын құру арқылы да көлік қатынасын азайтуға болады. Сонымен қатар, азық-түліктің молшылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Бізде көкеніс өте қымбат. Екі адам жұмыс істейтін отбасының өзінде адамдардың дұрыс тамақтануы қиындап кетті. Осы мәселеге мемлекеттік деңгейде мән беріп, Астана маңынан жылыжайларды көптеп салу керек. Ол үшін дихандарға жеңілдікті несие, қайтарымсыз көмек жасалып, азық-түлік белдеуін құру кезек күттірмейді. Сол секілді бұқаралық спортты дамыту да өзекті. Астанада тек қалталыратына спортпен айналыса алады. Шын мәнінде халықтың жаппай спортқа назар аударуы денсаулық саласына жүктемені азайтар еді. Қала маңында шаңғы, ат спорты секілді балалар мен жасөспірімдер үшін аса пайдалы спорт түрі мектеп бағдарламасына енгізілсе, нұр үстіне нұр.

— Журналист бола тұрып, қоғам назарындағы «Масс-медиа туралы» заң жобасына қалай тоқталмаймыз? Осы жобаға да қатысты пікіріңізді білсек.

рған жедел несие беретін ұйымдардың жолы жабылу керек. Қатты қиналған адамдар үшін қайырымдылық қоры арқылы көмек көрсету жолға қойылғаны дұрыс. Дамыған мемлекеттерде несие алу қиын. Ол үшін кемінде бір жарым жыл жұмыс істеп, тұрақты табыс көзіңнің барын дәлелдеу маңызды. Сонымен қатар, оларда жедел несие ұйымдарын ашу мүмкін емес. Бізге де осындай талаптар енгізу қажет.

— Сіз Сенатқа Астана қаласы мәслихатынан сайландыңыз. Бас қаламыздың да өзекті мәселелері аз емес. Жуырда Несіпбек Айтулы Астанаға қоныс аударатындар қатарын шектеу қажет деген пікір айтып, даудың астында қалды. Астанаға арман қуып келетіндерге бұл сөз ауыр тигендей...

— Тек Қазақстанда емес, бүкіл әлемде халық астанаға тартылады. Бұл заңдылық. Елорда халқы аз ғана уақыт ішінде 1,5 млн адам болды. 2030 жылы 2 млн адамға жетеді деген болжам бар. Несіпбек ағамыздың көтеріп отырған мәселесі орынды. Өйткені, тұрғындар көбейген сайын елорданы сумен, электр энергиясымен қамту қиындай түседі. Бұл мәселені Астананың айналасындағы қалаларды дамыту арқылы шешуге болады. Жуырда қабылданған «Агломерация туралы» заң үлкен мегаполистер төңірегіндегі елді мекендерді көтеруді көздейді. Бұл әлемдік тәжірибе. Мысалы Жапонияның астанасы Токионың орталығы қайсы екенін білмейсің. Маңайындағы барлық шағын қала қосылып, технологиялық тұрғыдан қатты дамып, қарым-қатынас өте жиілеп кеткен. Бізде де Қосшы, Телман, Талапкер секілді елді мекендерге мәдениет орындары, мектеп, аурхана, спорт кешендерін салып, көліктік қатынастың жиілігін арттырасақ, Астанаға түсетін әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық ауыртпалық азаяр еді. Елордада да жылу қазандықтары жүктемені, шектен тыс қысымды көтере алмай жатыр. Бұл салаға әлеуетті инвесторлар

— Бүгінде жұмыс істеймін, тұрмыс деңгейімді арттырамын деген кәсіби журналистке мүмкіндік бар. Өзіміз кезінде бірнеше жерде жұмыс істеп, пәтер де алдық, киім де кидік, ағайын-туысқа да көмектестік. Журналистер бизнесмен болмағандықтан, олардың мәртебесін мұғалім, дәрігер және әскерилермен теңестіру керек деген ойдамын. Соңғысына қатысты баса айтқым келетіні, журналистер ереуіл, соғыс жағдайында алдыңғы шепте жүреді. Тіпті, шиеленіс кезінде әскерилер шегініп жатқан жағдайда да әріптестеріміз оқ пен отқа ұмтылып, алғы шепте жүретіні рас. Яғни, оларды осындайда арнайы сақтандыруды қолға алатын кез келді. Сосын журналистер үшін автотұрақта арнайы орын белгіленуі қажет. Қазір олар тіпті министрлік маңайына көлік қоя алмай, қиналып жүреді. Қоғам санасына қызмет ететін журналистердің мәдениет орындары, мұражайларға еркін кіруі де шешімін күткен мәселе. Олар сонымен қатар қала ішіндегі көліктерде тегін жүру керек. Осының бәрі ұсақ-түйек сияқты көрінер, бірақ шын мәнінде бұлар журналистің өз қызметін тиімді ұйымдастырып, сапалы дүние жасауы үшін қажет.

— Бір сұхбатыңызда журналистер еңбегін кәсіби ұйымдар бағалау керек депсіз. Осы ойыңызды таратып айта кетсеңіз.

— Журналистердің биліктен сыйлық алғаны дұрыс емес. Бұл бюджет қаражатын мұқтаж адамдар аузынан жырып, тартып алу деген сөз. Өз басым бюджет қаражатының басқа мақсатқа пайдаланылуын осылай деп бағалаймын. Негізінде, кәсіби ұйымдар беру керек сыйлықты. Осы мақсатта арнайы қорлар құрылып, меценаттар тартылып, шын талантты, ізденісі мықты журналистер еңбегі кәсіби түрде айқындайтын, бағалануы керек. Сонда ғана ол сыйлықтың құны артып, таза, адал, сапалы еңбекті ынталандыра алады.

— Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПАРЫЗ

КӨК БАЙРАҚ ТӨМЕН ТҮСПЕСІН!

Мемлекеттік рәміздер әр елдің тәу ететін тұмары, тәуелсіздігінің басты белгісі. Көктудың желбіреуі, Әнұранның шырқауы әрбір адамның Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады. Жастар байрақты додаларға қатысқанда жүзде алып, атын шығару үшін емес, «еліміздің Әнұранның әлемге тияндаматын, қазақтың Туын биікке желбіретемін» деп биік мақсат қоятынын бәріміз естіп жүрміз. Бұл мемлекеттік рәміздердің мәртебесін көтереді, маңызын күшейтеді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңның 2007



жылы 4 маусымда қабылданғаны белгілі. Осы заңға сәйкес жыл сайын 4 маусымда елімізде

Мемлекеттік рәміздер күні атап өтіледі. Сәйкесінше тәуелсіздік атрибуттары болған нақыштардың тарихын түгендеп, мәнін айқындайтын іс-шаралардың да тек осы кезде ұйымдастырылуы қалыпты жағдайға айналып барады. Дәл осы кезде ғана бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік рәміздер авторларын түгендеп, заңның баптарын түсіндірген мақалалар шығады. Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетпеу деректері де көбінесе осы кезде сарапқа салынып, қателіктен сабақ алынып жатады. Ал

дұрысында тәуелсіздіктің басты нышаны болған мемлекеттік рәміздер туралы балабақша қабырғасынан бастап айтылып, мектеп, жоғары оқу орындарында жалғасын табуы керек. Ту мен Әнұранның, Елтаңбаның құдіретін бала жастан санасына сіңіріп өскен ұрпақ ертең үлкен өмірге қадам басқанда да мемлекеттік рәміздерге атүсті

қарамайды. Өйткені, кішкентай кезден отаншылдық рухында тәрбиеленіп, елінің тарихы мен тамырына бойлап өскен баланың ертең қандай мәнсапқа ие болып, қандай құрметке бөленсе де мемлекеттің рәміздерін есінен шығармасы анық. Мұндай жандар Тудың бүлінуіне, Елтаңбаның жерде жатуына, Әнұран мәтінінің қате жазылуына жол бермейді. Отаншыл азаматтардың мемлекеттік рәміздер аяқ астында қалмауы үшін тындырды жинап, көк туымыз бейнеленген сыйлық, көмпит қораптарының көшеден теріп жүргенін талай байқадық. Мемлекеттік рәміздерге деген құрметтің бұл біз мойындайтын, көпшілік үлгі алуы тиіс ең қарапайым түрі болса керек.

Қазір үйінің балконына, көлігінің ішіне туды іліп, киімдеріне мемлекеттік рәміз белгілерін арнайы салдыратын жастар көбейді. Мұндай әрекет жастарды ұлттық рухта тәрбиелеп, елге, жерге деген махаббатты тереңдете түсері талассыз.

А. ӘСЕНҒАЗЫ

Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы, заңгер, математик:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ӘЛСІРЕСЕ, ҰЛТ ҚҰРИДЫ

– **Серік Әбдірешұлы, бүгінгі сұхбатымызды ұлттық құндылықтың ерекшелігінен бастасақ.**
– Ұлттық құндылық дегеннің өзі этностың ұлт болуға, ұлттың мемлекет болуына қатысатын барлық этнографиялық, мәдени, ресурстық, әлеуеттік мүмкіндіктер. Ол өткен шақ, осы шақ және болашақпен өлшенеді. Өткен шақпен қарағанда ұлттық құндылыққа қазіргі таңда қалыптасқан тіл, болмыс, мәдениет, тарих, өмір салтымыз, шаруашылығымыз сияқты көрсеткіштер жатады. Бұл барлық ұлтқа тән.
– **Ұлттық құндылықты қалай анықтауға болады?**
– Ұлт қажетсінетін құндылықтың барлығы өзінен өзі анықталады. Ұлтқа тіл керек пе, онда ол құндылық. Ұлтқа өнер керек пе, ол – құндылық. Ұлттың дамуына ғылым керек пе, онда ол да құндылық. Құндылықтар да уақыттың талабына, қажеттілігіне, өзектілігіне қарай өзгеріп тұрады.
– **Ұлттық құндылықтар қалай қорғалады?**
– Ең алдымен оны сол ұлттың құрған мемлекеті қорғауға, дамытуға міндетті. Егер мемлекет ол құндылықты қорғамаса, онда ол сол ұлттың мемлекеті емес. Ол белгілі бір топтың, болмаса басқа бір шеткі топтардың сол мемлекетті пайдаланып отырғандығы деп есептеуге болады.

Мемлекет не үшін құрылады? Ұлтты, оның құндылығын қорғау үшін құрылады. Ұлттық құндылық әлсіреген сәттен ұлттың өзі ыдырап, күйреп, құлдырап, жойыла бастайды.
– **Ұлттық құндылықтарды қорғаудағы билік органдарының қызметін қалай бағалайсыз?**
– Егер ұлттың қажеттілігін өтеп, ұлттық құндылықтарды дамытып жатса, онда бес қоямыз. Егер сөзбен ғана алдаусыратып келе жатса, ол ұлттың мемлекеттік билігі емес. Мәселен, 30 жыл бойы Наурыздың мәселесін әлі шеше алмай келе жатырмыз. Ол елдегі 8 мемлекеттік мерекенің бірі және бастысы. Оның әлі күнге атрибуты, келбеті, тұжырымдамасы жоқ. Наурызға Мәдениет және спорт министрлігі тікелей жауапты. Алайда, олар дайындап берген тұжырымдаманың өзін бекітпей отыр. Не оны сарапқа салған жоқ, не ортада талқылаған жоқ. Істеген адамды шақырған да, кездескен де жоқ. Ұлт-



тық тіл мен ұлттық спорттағы жағдай да осындай.
– **Ұлттық құндылықтарды дәріптеу үшін не істеу керек?**

– Дәріптеу үшін оған мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық секторлар бірігіп, жұдырықтай жұмылып әрекет ету керек. Мысалы, ұлттық спортты дамытуға Мәдениет және спорт министрлігі бюджеттен қаржы бөлуі керек. Коммерциялық сектор қоғамдық сектормен бірлесіп федерация құрып, қаржы салады. Қоғамдық сектор ғылыми жағынан үлес қосады. Яғни, оны зерттеп, тарихын, қазіргі мәселесін ашып, оны шешу жолдарын қарастыру керек. Міне осы 3 сектор біріккенде ғана ұлттық спорттың мәселесі шешіліп, дамиды. Ал үшеуі бірікпесе, түсінбей үш жаққа тартса, қандай шара болса да нәтижесіз. Оған жанашыр басқа топтар кіре алмайды. Сондықтан қазіргі ұлттық спорт федерацияларының барлығын қайтадан құру керек. Оны қоғамның талқысына салып, жөндеуге мемлекеттік органдар да қатысуы тиіс.
Қазір ұлттық спортта федерациялар өте көп. Бірақ оның барлығы жеке, дербес адамның көзқарасынан шықпайды. Федерацияар ұлттық спорттың әдістемесін, даму тұжырымдамасын әзірлеуге кірісуі керек. Сосын қызыққан бизнес өкілдері нақты жобалар бойынша оны дамытуға қаржысын салса ғана жұмыс ілгері басады.
Жалпы, ұлттық спорт деген ұлттық ойыннан басталады. Ұлттық ойынды жетілдіргенде ғана, ұлттық спортқа айналады. Бізде қазір ойын мен спорттың аражігін ажырата алмайтын адамдар спорт мәселесімен айналысып жүр. Үлес қосайын, ұсыныс берейін десең қабылдамайды. Бәрі бір-бір спортты жекешелендіріп алған. Яғни, халықтың, ұлттың құндылығын осындай жеке көзқарастар, тар тұжырымдар аяқтап етіп жатыр.
– **Наурыз мерекесінің мәртебесін көтеру үшін оны атап өтудің тұжырымдамасын заңдастыру қажет пе?**

– Наурыз мерекесінің тұжырымдамасын заңдастырудың қажеті жоқ. Тұжырымдаманың дайын болғанына кемінде 10 жыл болды. 2013 жылы алғаш рет Шымкент қаласында атап өттік. «Nauryz Fest» жобасымен 9 күндік мерекені. Ол ешкімнің ой-дан шығарғаны емес. Тарихтағы бар нәрсе. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында 1-8 күндері, қазіргіше 14-21 наурыз арасындағы Наурыз мерекесін тойлауға қатысқаны айтылады. Міне осы тұжырымды біз «Nauryz Fest» деп фестиваль түрінде заманға лайықтап жастардың да, этнос өкілдерінің де қабылдауына қолайлы етіп, тек қана этникалық мереке не этнографиялық еске алу күні ретінде емес, нағыз мемлекеттік мереке деңгейіне жеткізген тұжырымдаманы жасадық. Өкінішке қарай, мемлекеттік органдарға өткізе алмай діңкелеп жүрміз. Жыл сайын әкімдерге шығамыз. Олардың арасында енді-енді ғана қозғалыс болып жатыр. 2021 жылы біздің ұсынысымызды министрлік бұрмалап өз сайтында жариялаған. Сол бұрмаланған нұсқаның өзін халық жылы қабылдады. Оның үстіне, 2021 жылы Президент Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласы жарияланды. Сонда ол кісі Наурыздың тұжырымдамасын жасау керек деп айтты. Алайда ол әлі күнге дейін орындалмай келе жатыр.
Жалпы заңды кез келген нәрсеге тықпалап, оны ала жүгірудің керегі жоқ. Бұл жерде ерік-жігер, сосын ұлтты дамытуға деген құлшыныс пен соған деген жанашырлық керек. Ал билікте уақытша отырған, жалтақ адамдар ешқашан ұлттың құндылығын ұшпаққа шығармайды. Заң биліктен жоғары тұруы тиіс. Билік пен халық бір қатарда тұруы керек.
– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖЕКЕ БАСТЫ ТІНТУ МЕН ОНЫ САНКЦИЯЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ



А. ИМАНІҚҰЛОВ,
Жетісу ауданы №2 сотының судьясы

Дәлелдемелерді жинау процесінде тінтудің алатын орны ерекше. Маңызы бойынша ол қарап-тексеруден кейінгі басты тергеу әрекеті болып табылады. Оның тарихына қысқаша көз жүгіртер болсақ, тінтудің ең алғашқы түсінігі батысевропалық құқықтың ежелгі рим дәуірінен белгілі «XII бағана заңдарында» берілгенін көреміз. Онда тінтуге – «...заттарды іздеуге бағытталған әрекет» деген анықтама берілген.
Ресейде тергеу әрекеті ретіндегі тінту ең алғаш рет IV (Қаһарлы) Иван дәуіріндегі құқықтың жазба қайнар-көздерінде көрініс табады. Мысалы, 1497–1550 жылдардағы «Судебник» адамды тінту мен оны азаптауды қылмыстық процесті жүргізудің негізгі әдісі ретінде қарастырған, сондай-ақ, ол дәуірдің барлық қылмыстық іс жүргізу өндірісі жалпылама «обыс» деп аталған. Ал қазақ даласына келер болсақ, «Қазан төңкерісіне» дейін Ұлы далада түрмелердің болмағаны секілді, тергеушінің де, тінтушінің де болмағаны тарихтан белгілі. Бұл көшпелі дала өркениетінің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осы тұрғыда заңғар ғалым С.Зиманов «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деп аталатын еңбегінде «Ежелгі қазақ даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» негізін құраған идеялар адами маңызы бар көшпелі өркениеттің өзгеше құбылысы болып табылады» – деп жазып кеткен.
Кеңес дәуірінде тінту жүргізу тергеу әрекеті ретінде біршама дамып, жетіле түсті. Тұрғын үйге тінту енді арнайы қаулы шығару арқылы және куәлердің қатысуымен жүргізілетін, ең бастысы, прокурор санкциялайтын болып бекітілді. Әрине бұл заңдылықтың сақталуына оң ықпалын тигізеді.
Әйтсе де, тінту мен жеке басты тінтудің аса маңызды даму сатысы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құқық жүйесіне 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген тергеу соттарының өкілеттігін кеңейтумен байланысты. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өз-

герістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сай тергеу судьяларының өкілеттілігі одан әрі кеңейтіліп, оларға қарап-тексеруді, тінтуді, алуды және жеке басты тінтуді санкциялау өкілеттілігі берілді. Айта кетерлігі, қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама тінту мен жеке басты тінтудің түсінігін нақты ашып қарастырмайды. Қылмыстық-процестік кодекстің 31-тарауында тінту жүргізудің мақсаты мен негіздері (252-бап), оны жүргізу тәртібі (254-бап) қарастырылса, ал жеке басты тінтуге қатысты (255-бап) көбіне жоғарыда аталған нормаларға сілтемелер жасаумен шектеледі.
Көрсетілген баптарға талдау жүргізу барысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің мағыналық сәйкессіздігі анықталды. Мысалы, 255-баптың 1-бөлігі қазақ тілінде былай жазылған: «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тінтілетін адамның денесіндегі немесе денесінің ішіндегі, оның киіміндегі нәрселер мен құжаттарды және оның жанындағы нәрселерді табу және алып қою мақсатында жеке басына тінту жүргізуге құқылы». Ал орыс тілінде бұл ереже мынадай редакцияда тұжырымдалған: «...лицо, осуществляющее досудебное расследование, вправе произвести личный обыск в целях обнаружения и изъятия предметов и документов, находящихся на теле или внутри тела обыскиваемого, в его одежде и имеющихся при нем вещах».
Жоғарыдағыларға сәйкес қазақ тіліндегі редакцияда «...оның жанындағы нәрселерді...» деген сөздер тінтілетін адамның айналасындағы (маңайындағы) нәрселерді табу мен алып қоюды білдіреді және ол нәрселердің тінтілетін адамның өзіне тиесілі болмауы мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Ал қаралып отырған норманың орыс тіліндегі редакциясындағы «... имеющихся при нем вещах...» сөздері жеке басы тінтілетін адамның өзімен бірге алып жүрген заттарын ғана қарастырады.
Осылайша осы норманың қазақ және орыс тілдеріндегі редакциялары жеке басты тінтудің мақсатын, яғни іске маңызды нәрселерді табу мен алып қою мәселелерін әртүрлі айқындайды. Аталған кемшіліктер құқықтық норманың мазмұнын бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіндік бермейтін екіұдай түсінік туындатады.
Сонымен қатар, Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабында тергеу әрекетінің атауы мемлекеттік тілде «Жеке басын тінту» болса, орыс тілінде «Личный обыск» – деп аталады. Бұл жерде қазақ тіліндегі мәтіннің орыс тілінен мүлдем сәтсіз аударылғанын көреміз. Аталған терминді «Адамның жеке басын тінту» немесе қысқаша «Жеке тінту» деп жазған дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Осы тұрғыда 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (күші жойылған) «Жеке адамды тінту» редакциясында берілгенін атап өтуіміз керек.
Осы қалыптасқан терминді дұрыс қолданбау қазақ тілінің заңдылықтарын бұзып қана қоймай, мәтіндерді дұрыс түсінуге

орасан кедергі келтіреді. Айталық, 255-баптың 2-бөлігінде көрсетілген «Жеке басын тінтуді тінтілетін адаммен жынысы бір адам ғана ... жүргізеді» деген сөйлемді қарапайым, түсінікті тілде – «Жеке адамды тінтуді онымен бір жынысты адам ғана ... жүргізеді» – деп редакциялауға болар еді. Немесе аталған баптың 3-бөлігінің соңғы сөйлемін алайық – «Тінтілетін адамның денесінің ішіндегі нәрселерді табу қажет болған кезде жеке басын тінтуге тиісті бейіннің мамандары қатысады». Мәтіндегі норманы толық түсіну үшін қалыптасқан әдет бойынша оның орыс тіліндегі редакциясына жүгінеміз. Онда: «При необходимости обнаружения предметов внутри тела обыскиваемого при личном обыске участвуют специалисты соответствующего профиля» – деп жазылған. Яғни, бұл жерде «соответствующего профиля» сөздері «тиісті бейіннің» – деп аударылған. Осы тұрғыда 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі бар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «бейін» сөзінің мүлдем кездестірілмейтінін айта кетуді жөн санаймыз.
Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз, негізсіз шектеуден қорғау, сондай-ақ, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған заңмен белгіленген шараларды қабылдау сот билігі органдарының басты функцияларының бірі екені белгілі. Әрине, бұл тұрғыда тергеу соттарының алатын орны ерекше. Адамның жеке басын тінту Конституцияның 16 және 17-баптарымен белгіленген оның жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын тікелей қозғайтындықтан, бұл тергеу әрекеті тергеу судьясының санкциясымен жүргізілуі тиіс. Алайда заңда көзделген кей жағдайларда ол соттың санкциясыңыз да жүргізілуі мүмкін. Атап айтқанда, Қылмыстық процестік кодекстің 255-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке басты тінту, мына жағдайлардың біреуі болған кезде:
1) егер осы кодекстің 254-бабының талаптарын сақтай отырып тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызды болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;
2) егер ол адам ұстап алынған немесе күзетпен қамалған кезде жүргізілген болса, арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясыңыз жүргізілуі мүмкін.
Аталған нормадан көріп отырғанымыздай кезек күттірмейтін ерекше жағдайларда жеке басқа тінту жүргізу арнайы қаулы шығарылмай-ақ, тіпті соттың санкциясыз да жүргізіледі. Әлбетте, дер кезінде тиісті тергеу әрекетін жасамау құнды деректердің жоғалуына әкеліп соқтыруы мүмкін, сондықтан бұл мәжбүрлі шара болып табылатыны дау тудырмаса керек.
Дегенмен, аталған тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін қажетті материалдар тергеу судьясына тексеру үшін жіберілмейтіндігі, тіпті ол туралы прокурорға да хабарланбайтыны заңды сұрақ туындатады. Бұл тұрғыда Конституция мен заңдардың адамның жеке бас бостандығына және қадір-қасиетіне қол сұқпауды қамтамасыз ететін нормаларын қылмыстық сот ісін жүргізуде дұрыс және біркелкі қолдануды реттейтін нормаларды жетілдіруге бағытталған тиісті шаралар қолданылуы қажет деп есептейміз.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СОТТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінде еліміздің іргесі бекіген, еңсесі биік. Санаулы уақыттың ішінде халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Сондай-ақ, тұрақты қоғам қалыптасып, орнықты даму жолына түскен мемлекетімізде көптеген ұлт өкілдері «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ауызбіршілікте өмір сүруде. Осы аралықта Қазақстан үлкен серпіліс жасап, үздік әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесін қалыптастыра білді.
Судьялардың III съезінде мамандандырылған соттар жүйесін құру міндеті қойылғаны белгілі. Шын мәнінде, қандай іс болмасын өз саласының маманына тапсырылса, сапасы артары анық. Елімізде 2001 жылдардан бастап мамандандырылған ауданаралық соттардың бой көтеруі нарықтық институтты дамытып, инвестициялық ахуалды жақсартуға үлес қосып келеді. Сондықтан, бірнеше жыл бұрын тәжірибеге енген мамандандырылған соттар ел экономикасының өсуіне де оң ықпал етті десек артық айтқандық емес. Осылайша 2002 жылы 9 ақпанда «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы» Жарлыққа қол қойылып, облыстарда экономикалық дауларды қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Бұл соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүлкітік және мүлкітік емес даулар бойынша, корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді. Сонымен қатар, Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істерді, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді де қарайтындығын атап өткен жөн.
Экономикалық дауларды қарау барысындағы іс жүргізудің басқа жалпы азаматтық соттардағы іс жүргізуге қарағанда өз ерекшелігі бар. Олар Азаматтық кодексте көзделген жеке тұлғалардың мүлкітік жауапкершілігі мен заңды тұлғалар арасындағы мүлкітік жауапкершіліктің өзгешеліктерінен туындап жатады. Кәсіпкерлік қызмет заң шеңберінде реттелген. Олар өздеріне берілген құқықтарын пайдаланып, пайда тапқан кезде іскерлік әдептілік пен заңды сақтауы қажет. Кәсіпкерлік еркіндікті пайдаланып қиянат жасауға, заңды басекелестікті шектеуге немесе негізсіз артықшылықтар алуға, тауар тапшылығын қолдан жасауға, мемлекеттік сатып алуларға заңсыз қатысуға, тұтынушылардың заңды мүддесіне қысым көрсетуге бағытталған басқа да әрекеттер жасауға жол берілмейді. Экономикалық сот судьялары осы азаматтық заңнама қағидаларынан туындайтын кәсіпкерлердің заңды құқықтарын, кәсіпкерлердің ешбір кедергісіз, артық тексерусіз өз кәсібін жүргізуін сақтайды. Одан бөлек, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында істерді барынша бітімгерлік келісіммен қарауға басымдық беріп, тараптарға істі медиациямен қараудың артықшылығын түсіндіреміз. Медиация рәсімі заңды тұлғалардың соттасуына жол бермей, негізгі кәсіптеріне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік тудырып отыр.
Қорыта айтсақ, еліміздегі сот жүйесінің басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, мемлекеттің даму мүддесін қамтамасыз ету.

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

 КӨКЖИЕК

 БАСТАМА

ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАРЫСЫ

Central Asia FIRST Championship халықаралық чемпионаты Астанада өтті. Аталмыш шараға оқушылар робототехника бағыты бойынша қатысты. Халықаралық додаға алыс-жақын елдердің де оқушылары өз жобаларын ұсынды. Инновациялық жобалар әртүрлі тақырыптарды қамтыған.

«Мені жас таланттардың жобалары қуантты. Айта кетейік, биыл чемпионат энергия тақырыбына арналған, қатысушылар өз ізденістерін үлкен ықыласпен таныстырды. Жеңімпаздар әлемдік бәсекеде елдің намысын қорғау үшін АҚШ-қа аттанады. Бұл балалардың барлығы жаңа технологияларды дамытып, елдің дамуына үлес қосатын болашақ IT мамандар, инженерлер мен ғалымдар. Техникалық білімді алуға ұмтылатын жастар Қазақстанның өркендеуіне ықпал етеді деп сенемін, өйткені біздің экономикамызда техникалық мамандықтардың өкілдері жеткіліксіз», – деп жазды олимпиада жайында еліміздің Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин.

Министрдің айтуынша, инженерлік көзқарас барлық жерде болуы керек, соның арқасында инновациялық өнімдер пайда болады. FIRST - STEM білім саласындағы нәтижелерге қол жеткізуге және XXI ғасырдың дағдыларын дамытуға ықпал ететін бағдарлама. Әлемнің жетекші оқу орындарының бірі – Массачусетс технологиялық институтына түскен студенттердің 10% FIRST бағдарламасының түлектері.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ



ҚҰСБЕГІЛЕР САЙЫСҚА ТҮСТІ

Атырау облысының Жаңаталап ауылында 23-16 ақпан күндері ересектер арасында құсбегілердің XVI ел чемпионаты өтті.

Оған еліміздің Алматы, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Маңғыстау, Павлодар, Аты-

рау, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстары мен Астана қаласынан келген 50-ге жуық құсбегі қатысып, 31 бүркіт,

11 қаршыға, 10 ителгінің арасынан үздіктерді анықтады. Чемпионатты Ұлттық спорт қауымдастығы, «Қыран» федерациясы және Атырау облыстық әкімдігі бірлесіп ұйымдастырған болатын.

Бүркітшілер жарыстың алғашқы күні «Қолға қондыру» сайысы бойынша бақ сынап, олардың 18-і екінші кезеңде «Шырғаға салу» бойынша сынға түсті. Ал екінші күні «Қоянға салу» сайысы болды. Тартысты өткен жарыста астаналық Күнтуған

Арманбек жеңімпаз атанды. Абай облысынан келген Ерзат Байқадамов екінші, астаналық Күнтуған Серікбек пен атыраулық Арман Қошқаров үшінші орын алды.

Қаршығаны қолға шақырудан түркістандық Арша-

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

Сурет «Қыран» федерациясы қоғамдық қорының атқарушы директоры Бағдат Мүптекеқызының әлеуметтік парақшасынан алынды

 БІЛГЕН ЖӨН

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңда белгіленген тәртіппен, адвокаттар, заң кеңесшілері «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» және нотариустар «Нотариат туралы» заңдарда белгіленген тәртіппен, жеке сот орындаушылар «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен, әлеуметтік маңызы бар істер санатын орындау кезінде өтеусіз көрсетеді.

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІНЕН КІМДЕР ҮМІТТІ?

Сонымен қатар, Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларда, мемлекет кепілдік берген заң көмегін өзге тұлғалар өтеусіз көрсете алады.

Құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес, құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар:

Алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға;

Мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандарға;

Асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

Жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңіл-

діктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жеке тұлғаларға;

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдарға (отбасыларға) осы заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Ал, соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға;

Азаматтық процестік заңнамасына сәйкес талап қоюшыға не жауапкерге және Қазақстанның әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға;

Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес

күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге осы заңда және Қазақстанның заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар, мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандар және асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғалар Қазақстан аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және тұрған жеріне қарамастан алуға құқылы.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мүддесіне орай оның өкілі заңдарда белгіленген тәртіппен осындай көмек көрсету туралы өтінішхатпен жүгіне алады. Жоғарыда аталған санаттардың біреуіне сәйкестік анықталған жағдайда, заңның талабына сәйкес, заң көмегін алуға құқығыңыз болады.

**Базарбай АЛТЫНБЕКОВ,
Түркістан облысы Әділет
департаментінің құқықтық түсіндіру
және халыққа заңгерлік қызмет
көрсету бөлімінің бас маманы**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Шымкент қаласының бокс Федерациясы» қоғамдық бірлестігі (БСН 990440004447) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Ғани Иляев көшесі, 59/1 ғимарат.

3. «Шыныбек Сай» АШӨ кооперативі, БСН 200940016981, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Ұзақ батыр ауылдық округі, Сарыбастау ауылы, Сарыбастау көшесі, 10 үй, пошта индексі 041420.

6. «ЭКОЛАЙН» ЖШС (БСН 031140005913) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Жомартов көшесі, 41 үй.

8. Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 ақпандағы №52 қаулысымен «Жаңақорған ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 180140002926,

өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 37 үй.

9. «Black Group» ЖШС, БСН 220740027232, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Мұхаметжан Тынышбаев көшесі, 48 үй, 15 пәтер, тел. 87767997711.

МҰРАГЕРЛІК

5. 14.06.2021 ж. қайтыс болған аз. Абдыкалыкова Рысалды Казангайовнаға қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерінің және мүдделі тұлғалардың Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 3В мекенжайында орналасқан нотариус М. Бердалиеваға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87027772722.

7. 17 қараша 2022 жылы қайтыс болған азамат Сабыр Телеуовтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлерінің мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ӘРТҮРЛІ

4. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотының 14.02.2023 ж. ұйғарымымен Нусипова Ирина Анатольевнаың, мекенжайы: Алматы қаласы, «Шапағат» ықшамауданы, Биянху көшесі, 183, Нусипов Альмухан Кудайбергеновичті, 15.10.1960 жылы туған, Сарқанд қаласының тумасы, соңғы жұмыс орны белгісіз, соңғы мекенжайы: Алматы қаласы, Жандарбеков көшесі, 193, хабарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Азамат Нусипов Альмухан Кудайбергеновичтің, Алматы облысының тумасы, ұлты қазақ, жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, «Шаңырақ-2» ықшамауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26 үй, мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына хабарлауын сұраймыз.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.**

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vs gazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юрическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарызы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ШАХМАТТАҒЫ АГРЕССИВТІ ҚОРҒАНЫС...

Орын алған оқиға Бекке өрескел нәтиже әкелетінін Болат ішіп алса да дәл болжағандай. Бек оны жұмыссыз жүрген кезінде Қауіпсіздік департаментінің кеңесшісі ретінде алған еді. Бұл компания елге танымал және ірі қаржы құрылымы. Жақында компанияның құпия ақпараты бәсекелестердің қолына түскені белгілі болып, Бек акционерлер алдында кінәлі болып ұнжырғасы түсіп жүр. Жауапкершіліктің бір ұшы Болатта. Дер кезінде болжап қарсы тұра алмады. Іс «ұятпен» ғана бітпейтін түрі бар. Барлау қызметінен кеткеніне біраз уақыт өтсе де, Болат тұжырымдау қабілеті мен жұдырықтасу икемін ұмытпаған. Мектеп пен жоғары арнайы оқу орындарын үздік бітірген, жауынгерлік самбодан спорт шебері, үш шет тілін жетік білетін Болат, тек қызба мінезінің арқасында әлі де өз орнын таба алмай жүргеніне іштей ашулы. Ол аздай, жұбайымен ажырасқалы бес жылдың жүзі болды.

– Даяшы, тағы да 200 грамм... Қап...

– Алло Бек,... мен баяғы екеуіміздің жолығатын жерде отырмын. Кел, шайқап кет миымды! – деп ызаланып телефонды лақтырып жіберді. Осы сәтте қолындағы ұялы телефон ұшып барып қарсы үстелде отырған жас қыз-жігіттердің аяқ жағына түспесі бар ма! Олар да ілігерге қара таппай отырған сияқты. Әлгілердің арасында ерігіп, ісініп отырған еңгезердей біреуі атып тұрып, Болаттың кешірім сұрауына мұрша бермей, орындықты бір теуіп ұшырып жібермесі бар ма? Өзі ызалы әрі біраз сілтеп алған Болат мынадан кейін қызынып шыға келді. Тәжірибесі жоқ жігіттермен жұдырықтасып, батыстың «экшн киноларындағыдай» қимылдаған Болат ешкімді шақ келтірмеді. Ақыры, бәледен машайық қашқандай әлгілер бір-бірін сүйрелеп ресторанның қашып шығып кетті. Осы аралықта кішкене қызуы бар Бек те келіп жетті. Бұл келгенде полиция мен ресторанның әкімшілігі протокол толтырып жатқан еді. Ол тез арада есін жиып, мейрамханаға айыппұл мен шығынын төлеп, полицейлермен келіскендей болды.

– Қой, кеттік бұл жерден, жүр, – деп шығуға бет алған Бек, есік алдына екі джип тоқтағанын байқап, киімдері жыртылған Болатты тез арада мейрамхананың артқы есігінен алып шығып, бірінші тоқтаған көлікке отыра салып оқиға болған жерден іздерін жоғалтты.

«Бұйрық» қатты

«Жалғыз баламның жағын сындырғанның жағасын жыртып, сағын сындырам», – дегендей екі көзі от шашқан Әлімтай телефон арқылы көмекшісі, бұрынғы полиция қызметкері Тайсонды (шын аты – Тұрар) жедел шақырып алды. Бастығының қатыгез, кекшіл және шыдамсыз екенін білетін Тайсон үндемей бар жағдайды тыңдап алды. Әрі қарай Әлімтайға не қажет екенін түсінген ол: «жалғыз ерке өскен ұлымды соққыға жыққандарды тауып, аямай жазалау керек» – деген бұйрық алды. Әккі полицей Тайсон кезінде қызметін әсіре пайдаланғаны үшін жұмыстан қуылып кеткен болатын. Өзі өте кү және дүниеқұмар Тайсонды не қызықтыратынын білген Әлімтай да дипломатын ашып «көкесін көрсет»



дегендей бір бума долларды алдына лақтырып жіберді.

Ішкілік шіркін реті келгенде көңіл көтеріп бір марқайтып қояды да, бірақ көп ішсең ертеңіне басты ауырып, бетті ісіріп бәле болады. Ресторандағы жағдайдан кейін түнімен әңгімелескен екі дос ертеңіне сол күйді кешті. Таңертең бас жазғансыған Бек Болатпен қоштасып, түс кезінде жолығатын болып уағдаласып, жұмысына шығып кетті. Кабинетіне кіре бере:

– Бек Батырұлы, сізге беймәлім кісі телефон шалып тұр. Байланысқа қосайын ба? – деді көмекші қыз кабинетіне кіріп. Бұл бас іздей салысымен телефон қосылды.

– Алло... досыңа жаның ашыса сені кешкі сағат жетіде Ритц Карлтонда күтем...

...Гук, гук, гук! ...Кім болды екен бұл, не де болса Болатқа бірнәрсе болғаны анық. Телефон соққан адам да жай біреу емес...

– Иә... Болат пен мен туралы ақпарат жинаған екен, яғни, құқық қорғау органымен байланысы бар, – деп Бек алғашқы тұжырым жасады.

Бек ойланып біраз отырды. Қауіпсіздік департаменті жігіттерінің ақпаратына сәйкес телефон нөмірі анықталмады, Болат та байланыстан тыс. Бек сақтықта қорлық жоқ дегендей жақтырмаса да сол баяғы Болаттың араласатын қауіпсіздік комитетіндегі Сабырға хабарласып, мән-жайді түсіндіріп, бірге, бірақ кездесуге бөлек-бөлек баратын болып келісті.

Қарсылас

Ритц Карлтон алдында әдеттегідей кілең люкс автокөліктер, шыртай киінген адамдар. 30-қабаттағы дәмханада отырған Әлімтай Бекті көре сала бұрыннан танитындай ыңғай көрсетіп, белгі берді.

– Мен сені сырттай жақсы білем, өзің бір «қараңғы адам» сияқты көрінесің. Досың екеуің баламды оңдырмай соққыға соғып кетіпсіңдер. Жауап беру керек! – деп Бекке бажырая қарап.

– Біріншіден, менімен «сен» деп шалқаймай дұрыс сөйлесіңіз. Екіншіден, досыма кім де кім, қандай да бір зиян келтірсе, оларға 90-жылдардағы қақтығыстар той сияқты көрінетінін ескертемін.

Бек «енді негізгі мәселе...» дей беріп еді, Әлімтай өкірендеп сөзін бөлмек болды. Оны тыйып тастамаса болмайтынын ұққан Бек: «сен емес, бауырым, полковник мырза де» деді сұрын бұзып.

Бұл Бектің алғаш рет кім екенін ашық айтқан сәті еді. Жағдай соны қажет етіп тұрғанын байқаған барлаушыда басқа амал жоқ еді. Ашық



кететірестер де, «жасырын соғыс» та бұрынғы барлаушыларға жат дүние емес. Дегенмен, қарсылас та осал «серіктес» көрінбейді. Кейін белгілі болғандай Болаттан тәркіленген тапаншаның адам өліміне қатысы бар екені айтылды.

– Әлімтай, бейресми түрде алынған мәліметтерге қарағанда, ірі құрылыс компаниясының акционері, 90-жылдардағы қарбаласта рәкет тобының мүшесі болған, қалталы бизнесмен. Қазіргі кезде жекеменшік сауда орталығының құрылысын аяқтауда. Қасында үнемі «құлақтары сынған» бұзақы жігіттер мен көлеңкесіндей болған, ескі полиция қызметкері Тайсон деген біреу жүреді. Аң аулау мен көкпар ойындарына қызығады. Ерекше айта кететін жайт – оның жергілікті әкімшілік пен Астана бюрократтарымен тығыз байланысы бар сияқты. Сондықтан болап мемлекеттік ірі тендерлерді жиі ұтып алып жүр.

Тығырық

– Бұл мәліметтер әлеуметтік желілерден алынып, тұжырымдалды, – деп Виктор бір жерге жиналған курстастарға қысқаша ақпарат берді. Ол өзі ҰҚК ұымдасқан қылмыспен күрес бөлімінен бес жыл бұрын кетіп қалған болатын. Себебін, Виктор бала-шағасының келешегіне алаңдаушылығымен түсіндірген, қазір болса құқық фирмасында жұмыс атқаруда. Осы ретте, оның Болаттың мәселесінде адвокат пен басқа құқықтық сұрақтарға жауапты болғаны түсінікті еді. Виктор өте бауырмал, шыншыл және сауатты болғанымен, жеке қауіпсіздік мәселесінде сәл тартыншақтайтын, яғни қорқақтау.

– Егер Әлімтай туралы ақпарат рас болса, онда оның әкімшілік ресурстары мықты екен, – деп Бек әрі қарай жалғастырып кетті. Оның ойы – Болатты отырғызып, сосын түрмеде де қысым көрсету. Не деген қатыгездік!

Бұл кезде уақытша изоляторда жатқан Болат: «Ал енді ақталып көр, өзің массын, саусағыңның ізі бар тапаншаның табылғаны анау, наркотик, онымен тұрмай ірі компанияда қауіпсіздікте қызмет етесің, – деп басын қасып қойды. – Енді тек Бек пен жолдастарыма құдай қуат берсін, олардан басқа сенетінім жоқ. Ол баяғы қызық та қажет болған қызметтегі уақытын сағынып терең ойға кетті. Бұл жерде уақыт жеткілікті, әшейінде сіңбіруге қол тимеуші еді, қазір қырсыққанда уақыт өтпей құдай ұрады.

Коррупциялық «шудан» қорқып, күш пен билікті сыйлайды. Бек және достары бұл ереже болмаса да қағидамы білетін. АҚШ-тағы мафия серкесі Аль Капоне салық мәселесінде

оғаштық жасап, ақырында арнайы қызмет органдарының құрығына түспеп пе еді! Бұл да бір тактика. Әрине, біздің ел АҚШ болмаса да, 30 жылдан бері ұқсап бағып жатыр емес пе?

Әлімтай да кіммен қақтығысқа түскенін Бектің сөзінен кейін түсінгенмен, менсінбегендей Тайсонға алдағы уақытта Болаттың үстінен болатын сотқа көңіл бөлуді қатаң тапсырды. Ол бұл «айқасты» Астана бюрократтары ойлағандай шешетініне сенімді еді. Ал өзі бұл сот процесіне қатысы жоқтай, тек сырттай қадағалап, Болатқа қарсы істеген әрекетін жасырмақ болды.

Қақтығыс

– Алло, Бек! Қызметте жүргенде танысқан жақсы досым мықты журналист және криминал мәселесі туралы жазады, – деді Виктор сүйінші сұрағандай, – кешкісін тағы да жолығайық, сенің де ойлап тапқан тактикаң бар шығар. Жігіттерді де жинаймын, – деп қысқа қайырған Виктор телефонды қойды.

Ал кешкісін барлаушы достар Болатты қорғау үшін нақты жоспар белгілеуге кірісті. Виктордың журналист танысына өтініш айтылып, Әлімтайдың сот кезіндегі әрекетін әлсірету үшін әлеуметтік желілер мен БАҚ-та мақалалар жазу жүктелді. Халық Әлімтайдың жылдар бойы табысты болуының «сырын» түсініп, Астана бюрократтарымен байланысынан, салықты жасыру фактілерінен хабар болуы тиіс. Виктор бұған қатысты ақпаратты барынша жинап беретін болып келісті. Сонымен қатар, үкіметтік емес қоршаған ортаны қорғау ұйымы мүшесі, Болаттың жерлесі зейнеткер Сәкен ағаға Бек әдейі хабарласып, басқосуға шақырған болатын.

– Сәлем Тайсон, қалың қалай? Бос болсаң жолығайық, бір жақсы бизнес-ұсыныс бар еді. Нақты айтқанда жеңіл несие алу мүмкіншілігі бар, – деді оның ескі қызметтесі қоңырау шалып. Бірақ бұл ұсынысты Бек ұйымдастырып отырғанын Тайсон білмеді. «Алдау амалы» деп осыны айт!

– Тұреке, есімім Виктор болады, құқық қорғаушымын, қаржыға «романсты» құқық жолымен айттыратын, – деп бастаған ол алдымен психологиялық байланыс құру мақсатында әңгімені күлкіге айландырды.

Екеуі кездесіп отырған кезде аяқ астынан Бек келіп, компьютерін ашып, бірнеше фотоны екеуінің алдына шашып жіберді. Алғашында түсіне қоймаған Тайсон өзінің суреттеріне көзі түсе сала мән-жайді аңғара қойды.

– Біздің қолда сенің әшкереленбеген қылмыстарың туралы материал жетерлік. Әсіресе, біздің досымыз Болатқа қарсы жасалған қорлығың туралы жайттар белгілі. Ал енді бұрынғы полиция қызметкері және маман ретінде сені алда не күтіп тұрғанын байқап көр.

Тайсон Бектің кім екенін бастығы Әлімтайдан естіген және барлау өкілдерінің бекер сөйлемейтінін жақсы білетін. Десе де, Бек пен Виктор тәуекел жасап болсалап тұрғанын түсінбеген еді. «Құрыдың деген осы» – деп сұп-сұр болып отырып қалды. Кездесу нәтижесінде Тайсон Бекке Әлімтайдың әрбір қимылы мен жоспары жөнінде жасырын жеткізіп тұруға сөз берді. Бұл – Әлімтайды әлсірету тактикасының бір бөлімі еді.

Сәтті жоспар

Апта өтпей Тайсон Бекпен хабарласып, Әлімтай қолшоқпар жігіттерімен аң аулауға үш джиппен жолға шығатынын хабарлады. Аңшылық

жай ермек, көздегені мылтық атып, арақ ішіп, сайран құрып қасындағы тоқалына мақтану. Негізінде Әлімтай шектен тыс геодонист. Ол барлық тірлігі мен әрекетін тек рахаттану үшін жасайтын. Осы жолы да қасындағы нөкерлерімен Тайсонның танысының үйіне келіп түсті. Келе сала үй иелері дастарқан жайды, Әлімтай аңшылық мерзімі әлі ашылмаса да қасындағыларға «қанжығаларыңды қандап» келіңдер деп бұйрық берді.

«Чекистердің» (көбіне жұрт ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерін осылай жиі атайды) тактикалық жоспарына сәйкес аңшылық кезде Сәкен аға үкімет емес, қоршаған ортаны қорғау ұйымының мүшесі ретінде Әлімтай жігіттерінің заңсыз аң аулауын фото, бейнематериал арқылы құжаттады. Онымен қоймай, Бектің шақыруымен келген полиция қызметкерлері олардан рұқсатсыз қару тәркіленгені, ал ішіп алған Әлімтайдың оларға қоқан-лоққы көрсеткені жайлы хабар БАҚ мен әлеуметтік желіде бұрқ ете қалды. Бұл жағдай Әлімтайдың ызасына тисе де, ол астанадағы таныстарына сенімді еді. Ақпараттар көзі ертеңіне Әлімтайдың кім екенін толық ашып, оның қалай ірі іскер болғаны туралы болжам жасап, ақиқатқа жақын тағы бір мақала жариялады. Бұл оның астаналық байланыстары мен жергілікті биліктегі адамдарына арналған ақпарат еді. Мақаланы оқыған олар «бәлесінен аулақ» дегендей Әлімтайдан алыс жүрері сөзсіз. Иә, жемқорлар айқай-шудан қорқады.

Сонымен барлаушылардың бұл әрекеті Әлімтайды сот процесі кезінде жалғыз және бюрократ таныстарының қолдауынсыз қалдырып, Болат ақталып шықты. БАҚ материалдарына сүйене Қаржы полициясы тарапынан Әлімтайға қарсы тексеру іс ашылды. Дәл жанындағы Тайсонның «жансыз» ретінде барлаушылар ұсыныда болғанынан Әлімтай хабарсыз күйі қала берді.

Тағы да сол Панфилов көшесіндегі (бұрынғы аты «Солянка») белгілі кафе, бірақ ішкі және сыртқы пішімі өзгерген. Барлаушылар Болаттың басынан өткен келеңсіз оқиғаны талқылау үшін кездесе де, оның намысына тимеу үшін әрқайсысы іштей өз тұжырымын жасағандай. Әрине, әңгіме жастық жасыға еске түсіру, өңгіл көтерусіз болмады.

– Өмірде жетістік пен сәтсіздік алма-кезек болушы еді, мен неге екенін тек келеңсіз оқиға мен сәтсіздікке ұшырап жүрмін, – деп Болат әңгіме бастады. – Жұбайым ғана емес, барлау қызметі де мені «лақтырып» кетті. Соңғы оқиғалар да тек криминал кино сияқты. Біліміміз бен тәжірибемізді орнымен емес, оғаш қолданудамыз.

– Жоқ, Болат! Сені де, мені де ешкім «лақтырмады». Біз өзімізді өзіміз «лақтырдық», – деді Бек ренішін жасырмай. – Байқасаң, соңғы шетел сапарыңнан соң қызметтен кетіп, өзіңмен жұмыс жасауды мүлде қолға алмадың. Қызмет жолда қалды, бәрін өзің жақсы білесің! Менің де бітіргенім шамалы. Виктор анау, таса азаматтық қауым мүшесі, қызметтен кетіп қалған. Баяғы академияда армандаған «қазақ келбеті» барлауымыз қане? Әрине, объективті мәселе де жеткілікті. Олар: арнайы қызмет жабық мекеме, оның ішкі кадрлар саясаты, 30 жылда бірнеше рет құрылысы өзгертілді, т.б. Бұл жағдайды кейбір басшылар өз пайдасына қолдана да білді, оларға нағыз маман қажет болмады. Содан болар кейбір дайындығы төмен, жас қызметкерлердің таныс арқылы жұмысқа кіруі үрдіске айналды. Барлауға деген патриоттық рух мүлдем жоқ десек артық айтпаймыз... Бірақ бұл мәселенің алдағы уақытта жілігі шағылмақ! Әрине, бір топ барлаушының пікірі «мәселенің шын себептерін» көрсете қоймас. Тағдырдың тәлкегі тарайды шашылған баяғы курстас барлаушыларды осылай сан қилы сынақтан өткізіп жатыр. Бұл өмір...

Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ